

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖАЛПЫ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 19 қазан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Е.Ж. ҚОШАНОВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Құрметті депутаттар, тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Жұмысымызды бастау үшін қажетті кворум бар. Мәжілістің жалпы отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сол бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда күн тәртібін дауысқа қоямын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 97, «дауыс бермегендер» – 1, «жақтағандар» – 96. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, бүгінгі біздің отырысымызға Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайылов Әлихан Асханұлы және Үкімет мүшелері қатысып отыр.

Енді күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға көшеміз.

Бірінші мәселе «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2023 – 2025 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Сөз Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Қуантыров Әлібек Сәкенұлына беріледі.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Бүгін сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2023 – 2025 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Заң жобасы енгізіліп отыр.

Заң жобасы Бюджет кодексінің жаңа талаптарын ескере отырып әзірленді.

Ұлттық қордан берілетін кепілдендірілген трансферттің көлемі жаңа бюджеттік қағидаға сәйкес мұнайға кесімді бағаны ескере отырып айқындалды және болжам бойынша мұнай секторы ұйымдарынан Ұлттық қорға түсетін тікелей салықтардың көлемінен аспайтын болады.

Бұл ретте заң жобасында мұнайдың кесімді бағасы барреліне 2023 жылы 48,9 АҚШ доллары, 2024 – 2025 жылдары 42,2 – 40,3 АҚШ доллары деңгейінде белгіленді.

Осыны ескере отырып, республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферттің мөлшері 2023 жылы 2,2 триллион теңге, одан әрі 2024 жылы 2 триллион теңге және 2025 жылы 1,9 триллион теңге көлемінде айқындалды.

Жоспарлы кезеңде қағидаларды қолдану Ұлттық қордың валюталық активтерін 2023 жылы 66,7 миллиард АҚШ долларына дейін қалпына келтіруге, одан әрі 2024 – 2025 жылдары 78,8-93,2 миллиард АҚШ долларына дейін арттыруға ықпал етеді.

Біздің болжамымыз бойынша Ұлттық қордан тартылатын кепілдендірілген трансферттің көлеміне және орта мерзімді кезеңде шығыстардың өсу қарқынына жоғарғы шекті белгілеу фискалдық тәртіпті арттыруға және Ұлттық қордың жинақтау функциясын күшейтуге мүмкіндік береді.

Заң жобасын уақытылы қабылдау жоспарлы кезеңде республикалық бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз етуге және осы ретте Ұлттық қордың тұрақтандыру функциясын іске асыруға мүмкіндік береді.

Назарларыңызға рақмет. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Құрметті әріптестер, енді сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Сартбаев Бауыржан Мейрамбекұлы.

САРТБАЕВ Б.М. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Мой вопрос адресован Министру национальной экономики.

Уважаемый Алибек Сакенович! На необходимость расходования бюджетных средств исключительно в пределах своих возможностей и обеспечения сохранности средств Национального фонда Глава государства неоднократно обращал внимание.

В своем Послании от 1 сентября текущего года Президент также отметил, что трансферты из Национального фонда должны направляться исключительно на развитие критической инфраструктуры и проекты общестранового значения.

Однако мы видим, что из Национального фонда запланированы и целевой, и гарантированный трансферты в общей сумме 3,2 триллиона тенге.

Кроме того, следует отметить, что в 2022 – 2023 годах накопления Национального фонда прогнозируются ниже неснижаемого остатка в 30 процентов к ВВП.

В этой связи скажите, пожалуйста, каким образом Вы планируете исполнить поручение, данное Главой государства, и обеспечить эффективное расходование ресурсов Национального фонда?

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті Бауыржан Мейрамбекұлы! В целом данная работа носит постоянный характер. В текущем году уже при формировании законопроекта о гарантированном трансферте были использованы новые правила. В частности, что касается гарантированного трансферта, его размер не должен превышать поступлений от нефтяного сектора в Национальный фонд.

Что касается целевого трансферта, то данный трансферт направляется только на антикризисные программы и крупные инфраструктурные проекты, имеющие социальное и стратегическое значение.

Эта работа будет продолжаться. В целом данные подходы согласуются с рекомендациями Счетного комитета.

Основные подходы и принципы по сохранению активов Национального фонда и их дальнейшему увеличению для будущих поколений у нас отмечены в новой Концепции управления государственными финансами, которая недавно была одобрена Главой государства.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Рақмет сізге, Әлібек Сәкенұлы, орныңызға отырыңыз.

Енді осы заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі депутат Бойчин Анатолий Васильевичке беріледі.

БОЙЧИН А.В. Уважаемый Ерлан Жаканович! Уважаемые коллеги и приглашенные! О целях и основных направлениях проекта Закона «О гарантированном трансферте из Национального фонда Республики Казахстан на 2023 – 2025 годы» доложил Министр национальной экономики, поэтому коротко проинформирую о работе, проделанной в стенах Мажилиса Парламента Республики Казахстан.

В ходе подготовки законопроекта к рассмотрению всеми комитетами Мажилиса Парламента были представлены положительные заключения.

От депутатов поступили две поправки, которые приняты и отражены в сравнительной таблице.

В целом, как и в текущем году, на 2023 – 2025 годы размер гарантированного трансферта предлагается направить на финансирование социальных обязательств.

Комитет по финансам и бюджету считает возможным рекомендовать Мажилису Парламента Республики Казахстан одобрить законопроект «О гарантированном трансферте из Национального фонда Республики Казахстан на 2023 – 2025 годы».

Заключение по законопроекту у вас имеется. Прошу поддержать.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет, Анатолий Васильевич.

Әріптестер, енді заң жобаларын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Бердалин Аманғали Бисенбайұлына беріледі.

БЕРДАЛИН А.Б. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Мен ұсынылып отырған заң жобасын қолдаймын. Онда Ұлттық қордан алдағы үш жылға арналған кепілдендірілген трансферттің мөлшері анықталған.

Заң жобасының жағымды аспектілерінің бірі 2022 жылы Ұлттық қордан 4 триллион теңгеден астам кепілдендірілген трансферттер көлемін 2023 жылы 2,2 триллионға дейін азайту болып табылады.

Сонымен қатар, атап өтілгендей, 2023 жылы Ұлттық қордың жинақталуы жалпы ішкі өнімге шаққанда 30 пайызға төмендетілмейтін қалдықтан төмен болады деп болжануда. Бұдан әрі 2024 – 2025 жылдары төмендетілмейтін қалдық деңгейінің шамалы өсуі болжанады.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық қордың қаражатын тиімді пайдалану қажеттігіне бірнеше рет назар аударып, трансферттерді біртіндеп қысқартуды тапсырды.

Үкімет Ұлттық қордың қаражатын толтыру серпінін ескере отырып, оны ұтымды пайдалану үшін бар күшін салады деп ойлаймын.

Құрметті әріптестер, осы заң жобасын қолдауды ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Талқылау барысында осы заң жобасын мақұлдау жөнінде бір ғана ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 97, «жақтағандар» – 97. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 97, «жақтағандар» – 97. Тиісті қаулы қабылданды.

Келесі мәселе «Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2023 – 2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Бұл мәселе бойынша да сөз Әлібек Сәкенұлына беріледі.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға ұсынылған «Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың 2023 – 2025 жылдарға арналған бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» Заң жобасы әкімшілік-аумақтық құрылымды және үш жаңа облысты қайта құру жағдайында әзірленді.

Орта мерзімді кезеңде өңірлік саясаттың жалпыұлттық басымдығы әрбір азамат үшін кепілдендірілген базалық қызметтер деңгейінде «теңгерімді аумақтық дамуды» қамтамасыз ету болып табылады.

Жаңа үш жылдық жалпы сипаттағы трансферттер осы міндетті өз тарапынан бюджетаралық қатынастарды жетілдіру бойынша жекелеген тәсілдерді қолдану жолымен шешуді қарастырады.

Тәсілдердің бірінші бағыты өңірлердің дербестігін одан әрі арттыруға бағытталған.

Өткен жылы Үкімет жергілікті бюджеттердің кірістерін болжау әдіснамасын жетілдіру бойынша бірқатар жұмыс атқарды.

Парламент депутаттары мен Есеп комитетінің ұсынымдары бойынша өңірлердің салық әлеуеті есепке алынды. Сонымен қатар Үкімет шағын және орта бизнестен корпоративтік табыс салығын берудің оң тәжірибесін ескере отырып, осы үш жылдық кезеңде де жергілікті бюджеттердің кіріс базасын нығайту бойынша тәжірибені жалғастырды. Бұл ретте заң жобасында бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысының

орта есеппен 25 пайызға өсуімен, сондай-ақ жекелеген түсімдерді жергілікті деңгейге 300 миллиард теңге көлемінде беруге байланысты қосымша түсімдер ескерілді.

Біздің бағалауымыз бойынша аталған шараларға ағымдағы жылы 2020 – 2022 жылдарға белгіленген салық демалысының аяқталуы қосымша серпін береді.

Болжам бойынша өңірлердің кірістері 2022 жылы 4,7 триллион теңгеден 2025 жылы 6,1 триллион теңгеге дейін немесе 30 пайызға артып, 2025 жылға өзіндік кірістер үлесінің 47 пайызға дейін өсуін қамтамасыз етеді.

Екінші. Мемлекет басшысының бюджеттік жоспарлауды жеңілдету жөніндегі тапсырмасын іске асыру үшін бюджетаралық трансферттерді қысқарту бойынша жұмыс басталды.

Біріншіден, жергілікті бюджеттің базасына ағымдағы нысаналы трансферттердің көлемі олардың нысаналы мақсатын сақтай отырып берілуде. Жоспарлы кезеңде олардың жалпы сипаттағы трансферттер көлеміндегі үлесі орта есеппен 60 пайыз құрайды. Бұл бюджеттік рәсімдерді жеңілдетуді және бюджет қаражатын түпкілікті алушыларға уақытылы жеткізуді қамтамасыз етеді.

Екіншіден, заң жобасымен донор өңірлер үшін бюджеттік алып қоюлар көлемін азайту жөніндегі міндет біртіндеп шешілуде. Олар үшін есептеулерде арнайы жоғарылату коэффициенттері қолданылды, бұл өзіндік кірістеріндегі алып қоюлардың үлесін 2022 жылы 31 пайыздан үш жылдық кезеңде 19 пайызға дейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Үшінші. Базалық қызметтерге тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге қатысты бюджетаралық қатынастардың негізгі қағидатын іске асыру мақсатында өңірлердің ерекшеліктерін есепке алу бойынша тәсілдер қолданылды. Бұл ретте жергілікті бюджеттердің шығыстарын объективті есепке алуға мүмкіндік беретін өңірлердің әлеуметтік-экономикалық жай-күйі арасындағы айырмашылықтарды негіздейтін салалық коэффициенттер жаңартылды.

Бұл жоспарлы кезеңде олардың бюджеттік қамтамасыз етілуін теңестіру үшін өңірлердің ағымдағы шығындарының болжамын орта есеппен 1,1 триллион теңгеге немесе 23 пайызға арттыруға мүмкіндік берді.

Аталған тәсілдерді ескере отырып, заң жобасында үш донор өңір – Астана және Алматы қалалары, Атырау облысы белгіленді, олар бойынша бюджеттік алып қоюлар 2023 – 2025 жылдарға тиісінше мынадай көлемдерде айқындалған – 426 миллиард теңге, 465 миллиард теңге. Қалған 17 өңір бойынша бюджеттік субвенциялар көлемі тиісінше 5 триллион теңгені, 5,3 триллион теңгені, 5,8 триллион теңгені құрайды.

Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Заң жобасының негізгі бағыттары осындай. Занды уақтылы қабылдау жергілікті тұрғындарды кепілдендірілген мемлекеттік қызметтер мен әлеуметтік игіліктермен қамтамасыз етуге арналған жергілікті бюджеттердің жоспарлы кезеңдегі теңгерімділігін сақтауға мүмкіндік береді.

Назарларыңызға рақмет. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Баяндама аяқталды. Енді сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Әлімбаев Данияр Кенғазыұлы.

ӘЛІМБАЕВ Д.Қ. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Мой вопрос адресован Министру национальной экономики.

Уважаемый Алибек Сакенович! Как мы знаем, в этом году был принят Указ Президента «О некоторых вопросах административно-территориального устройства Республики Казахстан», в соответствии с которым были созданы три новых области. С учетом этого субвенции по новым областям на 2023 – 2025 годы были рассчитаны, это мы видим в проекте закона о трансфертах общего характера. Однако в новых областях для обеспечения реализации государственных услуг необходимы создание и содержание ряда государственных органов и коммунальных учреждений.

В связи с этим у меня возникают вопросы:

1. Какие подходы были применены при определении объема субвенций для новых регионов?
2. Предусмотрены ли в полном объеме средства на содержание вновь созданных государственных органов? Рақмет.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті Данияр Кенғазыұлы! По поводу новых областей при расчете ТОХ. Действительно, в текущем году данные ТОХи на предстоящий трехлетний период были рассчитаны с учетом создания трех новых областей. В целом подходы были одинаковыми для всех. Субвенции рассчитываются исходя из количества населения, количества районов, городов в области, а также исходя из налогооблагаемой базы, которая имеется в том или ином регионе. В целом в базу ТОХов данные расходы на содержание новых областей сели.

Что касается текущего года, то средства на содержание аппаратов, создание и аренду жилья, а также зарплату государственных служащих в новых регионах были выделены из резерва Правительства. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Жұмабаева Айгүл Қызырқызы.

ЖҰМАБАЕВА А.Қ. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Сұрағым Ұлттық экономика министріне.

Заң жобасының презентациясында бізге субвенциялар мен алып қоюларды есептеу кезінде жаңа тәсілдер пайдаланғаны, өңірлерді дамыту үшін көбірек жұмыс жасалғаны туралы баяндалды.

Мысалы, 300 миллиард теңге жекелеген салықтық және салықтық емес түсімдер жергілікті деңгейге беріледі. Есепке өңірлердің ерекшелігі, жол жағдайы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық желілерінің тозуы және басқа да көрсеткіштер алынды. Нысаналы трансферттер мен бюджеттік алып қоюлар көлемі қысқарды.

Үкімет өңірлердің өз кірістерін арттыру және олардың орталыққа тәуелділігін азайту үшін алдағы уақытта қандай шаралар қабылдайды? Оларды өз кірістерін кеңейтуге ынталандыру бойынша қандай жұмыстар жасалады? Рақмет.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Айгүл Қызырқызы! Үкімет үш бағытта жұмыс істеп жатыр. Орталықсыздандыру және деbüroкратизациялау бағыты бойынша заң жобасымен кейбір салықтар мен түсімдер облыс деңгейіне берілуде.

Екінші бағыт бойынша облыстың ішінде екінші деңгейден үшінші, төртінші деңгейге берілетін түсімдер мен салықтар. Ол жергілікті өзін-өзі басқару заң жобасында да бар.

Үшінші бағыт ол экономиканы дамыту үшін. Ұлттық жобаларда көрсетілетін шаралар бойынша экономиканың өсуін қамтамасыз етуге республикалық деңгейде және өңірлік деңгейде осы шаралар салықтық базаны кеңейтуге бағытталған.

Жалпы, жұмыстар осындай үш бағыт бойынша атқарылып жатыр.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Рақмет сізге, Әлібек Сәкенұлы, орныңызға отырыңыз.

Енді осы заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі депутат Бойчин Анатолий Васильевичке беріледі.

БОЙЧИН А.В. Спасибо.

Уважаемый Ерлан Жаканович! Уважаемые коллеги и приглашенные! О целях и основных направлениях данного проекта Закона «Об объемах трансфертов общего характера между республиканским и областными бюджетами, бюджетами городов республиканского значения, столицы на 2023 – 2025 годы» доложил министр, поэтому коротко проинформирую о работе, проведенной в стенах Мажилиса Парламента Республики Казахстан.

Проект рассматривался на заседаниях рабочей группы вместе с проектом республиканского бюджета на 2023 – 2025 годы.

Объемы трансфертов общего характера изменены в связи с включением целевых текущих трансфертов по Министерству труда и социальной защиты населения.

На 2023 – 2025 годы в трансферты общего характера включены целевые трансферты в общем объеме 405 миллиардов тенге. Таким образом, на 2023 – 2025 годы в трансферты общего характера включены целевые трансферты для:

выплаты адресной социальной помощи – 29,3 миллиарда тенге;

улучшения качества жизни инвалидов – 27,4 миллиарда тенге;

субсидирования затрат работодателя на создание социальных рабочих мест в целях трудоустройства инвалидов – 669,8 миллиона тенге;

развития продуктивной занятости – 348 миллиардов тенге.

Субвенции увеличены на 348,8 миллиарда тенге. Изъятия уменьшены на 56,7 миллиарда тенге.

Всеми комитетами Мажилиса Парламента Республики Казахстан представлены положительные заключения.

Комитет по финансам и бюджету считает возможным рекомендовать Мажилису Парламента Республики Казахстан одобрить законопроект «Об объемах трансфертов

общего характера между республиканским и областными бюджетами, бюджетами городов республиканского значения, столицы на 2023 – 2025 годы».

Закключение по законопроекту у вас имеется. Прошу поддержать.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет, Анатолий Васильевич.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Еспаева Дания Мәдиқызына беріледі.

ЕСПАЕВА Д.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Мен қарауға ұсынылған заң жобасын қолдаймын. Заң жобасы Мемлекет басшысының Өңірлік диспропорцияларды төмендету жөніндегі шараларды әзірлеу тапсырмаларын ескере отырып әзірленді. Жалпы, заң жобасының параметрлері Мемлекет басшысы қойған міндеттерді шешеді.

Осылайша Үкімет жергілікті атқарушы органдардың кіріс базасын кеңейту жөнінде шаралар қабылдауда. Жыл сайын 300 миллиард теңгеден астам қосымша түсімдер жергілікті деңгейге беріледі.

Кіріс бөлігінде Есеп комитетінің қаржы жылының соңында бюджет қаражатының қалдықтарына әкеп соққан өңірлердің өткен жылдардағы түсімдер серпінін есепке алу жөніндегі ұсынымдары да ескерілді.

Заң жобасының шығыс бөлігінің параметрлерімен өңірлерде инфрақұрылыммен қамтамасыз ету деңгейі, олардың жолдарының жай-күйін, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық желілерінің тозуын және басқа да көрсеткіштерін теңестіру мәселесі біртіндеп шешілуде.

Парламент депутаттарының ұсынымдары бойынша жергілікті бюджеттер базасына өңірлер шығыстарының жекелеген бағыттары, оның ішінде облигациялық қарыздар бойынша борышқа қызмет көрсету, мемлекеттік-жекешелік әріптестік міндеттемелер бойынша, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың резервін қалыптастыру жөніндегі бағыттар енгізілген.

Донор өңірлерден бюджеттік алып қоюлар көлемін қысқарту бойынша қадамдар жасалды. Бұл олардың даму бюджетіне қосымша қаражат қалдыруға мүмкіндік береді.

Жалпы, бюджет деңгейлері арасындағы қарсы трансферттер ағынын оңтайландыру бойынша Үкімет қабылдап отырған шаралар өңірлердің дербестігін одан әрі арттыруға ықпал ететін болады. Субвенциялар минималды көлемдерді қоспағанда, нысаналы сипатта емес. Сондықтан жергілікті өкілді органдардың көлемді олардың әлеуметтік-экономикалық дамуының басымдықтарына сәйкес бөлуге мүмкіндігі бар.

Сонымен қатар қабылданып жатқан шараларға қарамастан, жалпы сипаттағы трансферттер көлемін жоспарлау әдістерін одан әрі жетілдіру үшін резервтер сақталып жатқанын көріп отырмыз.

Осыған байланысты өңірлердің өзін-өзі қамтамасыз етуін одан әрі күшейту жөніндегі жекелеген ұсынымдар жаңа Бюджет кодексінің жобасын әзірлеу шеңберінде ескеріледі деген үміттеміз.

Құрметті әріптестер, заң жобасын қабылдау жергілікті бюджеттердің, оның ішінде жаңадан құрылған үш өңірдің теңгерімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осы заң жобасын қолдауды ұсынамын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа талқылауға қатысатын депутаттар жоқ. Талқылау барысында осы заң жобасын мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 97, «жақтағандар» – 97. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 97, «жақтағандар» – 97. Қаулы қабылданды.

Келесі мәселе «2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Осы мәселе бойынша келесі жұмыс тәртібі ұсынылады: алдымен Ұлттық экономика министрі Қуантыров Әлібек Сәкенұлының, Қаржы министрінің міндетін атқарушы Біржанов Ержан Ерікұлының, Ұлттық Банкінің Төрағасы Пірматов Ғалымжан Олжаұлының баяндамаларын тыңдап, содан кейін сұрақ беру рәсіміне көшсек. Қарсылықтарыңыз жоқ қой?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Сөз Ұлттық экономика министрі Қуантыров Әлібек Сәкенұлына беріледі.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Елдің 2023 – 2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамын қалыптастырудың негізгі факторларын баяндауға рұқсат етіңіздер.

Бірінші. Болжам 2021 жылы экономиканың өсуі бойынша қорытынды деректерін, халықаралық қаржы ұйымдарының әлемдік экономиканың өсуі мен экспорттық тауарлар бағасы бойынша күтулерін ескере отырып қалыптастырылды. Бұл ретте халықаралық қаржы ұйымдарының консенсус-болжамына сәйкес 2022 жылы мұнайдың әлемдік бағасы барреліне 104,2 АҚШ доллары деңгейінде күтілуде. 2023 жылы әлемдік экономиканың өсуі 3 пайызды құрайды.

Болжам мен бюджеттік параметрлерді қалыптастырудың негізі ретінде базалық сценарий алынды. Осы сценарий бойынша мұнайдың орташа бағасын барреліне 85 доллар деңгейінде қалыптасады. Жалпы ішкі өнімнің орташа жылдық нақты өсуі 3,9 пайызды құрайды.

Инфляция 2023 жылы 7,5-9,5 пайыз деңгейінде, 2024 жылы – 4-5 пайыз, 2025 – 2027 жылдары 3-4 пайыз деңгейінде белгіленді.

Жалпы ішкі өнімнің нақты өсуі 2023 жылғы 4 пайыздан 2027 жылы 4,2 пайызға дейін жеделдетіледі деп күтілуде.

Номиналды жалпы ішкі өнім 121 триллион теңгеден 177 триллион теңгеге дейін өседі.

Мұнай өндіру 2023 жылы 92,6 миллион тоннаны құрап, 2027 жылы 100 миллион тоннаға дейін ұлғаяды.

Ұлттық Банктің болжамы бойынша экспорт 81 миллиард АҚШ долларынан 84,6 миллиард АҚШ долларына дейін, импорт 45,7 миллиард АҚШ долларынан 53,5 миллиард АҚШ долларына дейін өседі.

Екінші. Республикалық бюджет пен Ұлттық қордың жоспарлы жылдарға арналған параметрлерін қалыптастыру барысында Мемлекет басшысының үнемді және жауапты бюджет саясаты тұжырымдамасын қамтамасыз ету бойынша қойған міндеттері іске асырылды.

2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджеттің параметрлері бюджет саясатының кіріс базасын толықтырудың жаңа көздерін жинақтау және бюджет шығыстарын әлеуметтік-экономикалық дамудың басым бағыттарына шоғырландыру бағдарын ескере отырып айқындалды.

Республикалық бюджеттің кірістері 2023 жылы ағымдағы жылдың нақтыланған жоспарынан 37 пайызға өсумен жалпы ішкі өнімге қатысты 11,5 пайыз деңгейінде болжанады. Жоспарлы кезеңде олардың 2025 жылға қарай 17,2 пайызға өсуі күтілуде.

Республикалық бюджетке қосымша түсімдер кіріс базасын кеңейту және салықтық әкімшілендіруді жақсарту, сондай-ақ көлеңкелі экономиканың үлесін азайту бойынша Үкімет қабылдап жатқан шаралар есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Республикалық бюджет шығыстары 2023 жылғы 21 триллион теңгеден 2025 жылы 22,7 триллион теңгеге дейін біртіндеп ұлғаюымен болжануда.

Жалпы ішкі өнімге қатысты олардың 2023 жылы 17,4 пайыздан 2024 – 2025 жылдары 16 пайызға дейін төмендеуі болжанады.

Контрциклдық бюджет қағидасын қолдану республикалық бюджет шығыстарының өсу қарқынын жоспарлы кезеңде жалпы ішкі өнімге қатысты 16,4 пайыз деңгейінде тұрақтандыруды қамтамасыз етеді.

Осы шығыстар лимиті шеңберінде стратегиялық және бюджеттік жоспарлаудың өзара байланысын біртіндеп күшейте отырып, шығыстарды әлеуметтік-экономикалық дамудың басым бағыттарына шоғырландыру қамтамасыз етіледі.

Бюджет параметрлерінің шынайылығын күшейту бойынша қабылданатын шараларды ескере отырып, бюджет тапшылығы жалпы ішкі өнімге қатысты 2023 жылы 2,7 пайыз деңгейінде, одан әрі 2024 – 2025 жылдары тиісінше 2,6 пайыз және 2,5 пайызға дейін төмендете отырып, айқындау ұсынылады.

Мұнайға қатысты емес тапшылық жалпы ішкі өнімге қатысты 2023 жылы 6,8 пайыздан 2025 жылы 5,3 пайызға дейін төмендеуі болжанады. Бұл Ұлттық даму жоспарының мәніне сәйкес келеді.

Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға ұсынылған елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамының параметрлері, сондай-ақ бюджет пен Ұлттық қордың болжамды параметрлері теңдестірілген және экономиканың үдемелі орнықты өсуін қамтамасыз ету үшін әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді қалпына келтіруге және тұрақтандыруға бағытталған.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Әлібек Сәкенұлы. Орныңызға отырыңыз.

Келесі баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушы Біржанов Ержан Ерікұлына беріледі.

БІРЖАНОВ Е.Е. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заң жобасы ұсынылып отыр.

Заң жобасы елдің 2027 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму болжамы негізінде әзірленді.

2023 жылға арналған түсімдер ағымдағы жылдың жоспарына қарағанда 2 триллион теңгеге ұлғайып, 17,8 триллион теңгені құрайды.

Республикалық бюджетке түсетін мұнай түсімдерінің үлесі біртіндеп азаятын болады. Атап айтқанда, келесі жылы Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферт ағымы осы жылмен салыстырғанда 1,8 есеге азайып, 2,2 триллион теңге мөлшерінде тартылатын болады.

Нысаналы трансферт келесі жылға 1 триллион теңге мөлшерінде айқындалды. Бұл негізгі Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындауға байланысты.

Мұнай емес түсімдердің үлесі 2022 жылғы 59,8 пайыздан 2025 жылға дейін 78,2 пайызға дейін өсумен көзделген. Мұнай емес сектордан түсетін кірістер көлемінің ұлғаюы біртіндеп экономика диверсификациясының жақсаруымен және меншік табыс көзінің нығаюымен байланысты болып келеді.

Бюджет тапшылығы ағымдағы жылы жалпы ішкі өнімге 3,3 пайыздан 2025 жылы 2,5 пайызға дейін көзделіп отыр.

Шығыстар ағымдағы жылдың жоспарына қарағанда 2,2 триллион теңгеге ұлғайып, 2023 жылы 21 триллион теңгені құрайды.

Үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджет жобасы шығыстарының құрылымы өзгерді. Бұл барлық ағымдағы нысаналы трансферттерді жергілікті бюджеттер базасына беруге байланысты. Бұл ретте бұрынғыдай бюджет шығыстарының басым бөлігі әлеуметтік салаға тиесілі болып отыр.

Жалпы сипаттағы трансферттерді ескерсек, оған ағымдағы жылдың жоспарына 2 триллион теңгеге ұлғайта отырып, 2023 жылы 10,6 триллион теңге көзделді.

Шығыстардың өсуі:

жыл сайынғы индексациялаумен және зейнетақы мен жәрдемақы алушылар контингентінің ұлғаюына;

педагогтердің, дәрігерлердің, медициналық емес қызметкерлердің және азаматтық қызметшілердің жалақысын арттыруға;

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асыруға байланысты.

2023 жылға экономиканың нақты секторын қолдау үшін бюджет шығыстары 2,5 триллион теңгеге көзделген.

Бұл бағыттың басымдықтары:

өңдеу өнеркәсібін дамыту;

өңірлерде жалғасатын инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру;
кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамыту және қолдау;
көлік және газ тасымалдау жүйесін дамыту.

Күш құрылымдарының шығыстары 2023 жылға 2,3 триллион теңге көлемде жоспарланып отыр.

Заң жобасын талқылау барысында бірқатар түзетулер енгізілді. Түзетулердің бірінші блогы депутаттар бастамашылық жасап, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға және өңірлерді дамытуға бағытталған. Мәселен, халықты таза сумен қамтамасыз етуге, газбен жабдықтау жүйесіне, көлік инфрақұрылымын дамытуға, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға, сондай-ақ денсаулықты сақтау объектілерін салуға қосымша шығыстар көзделді.

Жалпы, 2023 жылы өңірлерге республикалық бюджет қаражаты есебінен 6,2 триллион теңге бөлінетін болады, бұл жалпы бюджет шығыстарының 29,4 пайызын құрайды.

Түзетулердің екінші блогын Үкімет ұсынды және ол Президент Жолдауын және оның жекелеген тапсырмаларын қаржылай қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл зейнетақының орташа мөлшерін өсіруге, бір жарым жасқа дейінгі бала күтімі бойынша төлемдер кезеңін ұлғайтуға, Мәжіліс пен мәслихат сайлауын өткізуге, жұмыспен қамтудың белсенді шараларын қамтамасыз етуге және мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға арналған шаралар.

Құрметті депутаттар, республикалық бюджет жобасының негізгі параметрлері осындай. Олар теңгерімделген.

Парламент Мәжілісінің қабырғасында еліміздің басты қаржылық құжатына сындарлы талаптар түскенін білеміз. Сіздермен бірлескен нәтижелі жұмыс үшін алғысымызды білдіреміз.

Ұсынылып отырған түзетулерді ескере отырып, заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ержан Ерікұлы. Орныңызға отырыңыз.

Келесі баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Пірматов Ғалымжан Олжаұлына беріледі.

ПІРМАТОВ Ғ.О. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! 2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджетті дайындау барысында Ұлттық Банк ақша-кредит саясаты мен төлем балансы көрсеткіштерінің болжамдарын әзірледі.

Болжам геосаяси жағдайдың нашарлауына байланысты әлемдік қаржы және тауар нарықтарында болған жоғары құбылмалылық кезеңінде қалыптасып отыр.

Геосаяси дағдарысқа байланысты әлемдік тауар нарықтарындағы теңгерімсіздік жаһандық инфляция жағдайын одан әрі қиындатты. Көптеген елдердегі инфляция бірнеше онжылдықтағы ең жоғары көрсеткіштерге жетіп, жоғары деңгейде болып отыр, осыған байланысты дамыған және дамушы елдердің орталық банктері мөлшерлемелерді көтеруде.

Биылғы жылы қазан айында Халықаралық валюта қоры энергия мен азық-түлік бағасының қосымша өзгеруі инфляцияның ұзақ сақталуына әкелуі мүмкін екенін атап көрсетіп, жаһандық инфляция болжамын көтерді. Инфляция азық-түлік және энергетика секторынан тыс шығып барады.

Халықаралық валюта қорының болжамдарына сәйкес әлемдегі инфляция бұрын күткеннен ұзағырақ жоғары деңгейде қалып отыр және ол 2022 жылдың соңында 8,8 пайызға дейін жетуі мүмкін. Одан кейін Халықаралық валюта қоры жаһандық инфляция 2023 жылы 6,5 пайызға дейін және 2024 жылға қарай 4,1 пайызға дейін бәсеңдейді деп болжап отыр.

Логистикалық және өндірістік жолдардың өзгеруінен ішкі нарықтардағы теңгерімсіздік күшейткен азық-түлік пен шикізат бағасының жалпы әлемдік өсуі аясында Қазақстанда да инфляция өсті.

Жылдық мәнде инфляция 17,7 пайызға жетті. Бұған азық-түлік өнімдері бағасының 22,2 пайызға өсуі айтарлықтай үлес қосуда. Азық-түлікке жатпайтын инфляция да импорттық тауарлардың қымбаттай түсуінен және оларға сұраныстың жоғары болуынан 17 пайызға дейін жылдамдады. Ақылы қызмет инфляциясы 12,3 пайызға жетті.

Қыркүйек айындағы сыртқы шоктарды ескерсек, 2022 жылдың соңына қарай инфляция біздің тамыз айындағы болжамымыздан асып түседі.

Қазіргі іске асырылып жатқан ақша-кредит саясаты аясында 2023 жылы инфляция біртіндеп 7,5-9,5 пайызға дейін баяулайды. Әлемдегі азық-түлік бағасы өсуінің баяулауы, негізгі сауда әріптес елдеріндегі инфляцияның баяулауы да инфляцияға тежеуші әсер ететін болады.

Шикізат бағасының жоғары болуына байланысты 2022 жылы төлем балансының ағымдағы шотының профицитке ауысуы және 2023 жылы профициттің сақталуы күтілуде.

2022 жылы тауарлар экспортының өсуі мұнай, металл, уран мен астықтың әлемдік жоғары бағасына байланысты болады.

2023 жылы металл бағасының төмендеуіне байланысты мұнайға жатпайтын экспорттың қысқаруы мұнай өндіру көлемінің 92,6 миллион тоннаға дейін өсуі арқылы өтелетін болады.

Сақталып отырған сұраныс пен фискалдық шығыстар аясында тауарлар импорты жоғары деңгейде сақталады деп күтілуде.

Бұл ретте ағымдағы шоттың күтілетін профициті тұрақсыз болады өйткені ол дайын тауарлар экспортының төмен деңгейде сақталып, шикізат бағасының өсуімен ғана қамтамасыз етіледі.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ғалымжан Олжаұлы. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Еспаева Дания Мәдиқызы.

ЕСПАЕВА Д.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мой вопрос адресован Премьер-Министру и Председателю Национального Банка.

Уважаемый Алихан Асханович! Уважаемый Галымжан Олжаевич! Текущий год отмечен сильным ростом цен, что ощутимо бьет по карману наших граждан. Годовая официальная инфляция на сегодняшний день уже составила 17,7 процента при целевом уровне от 4 до 6 процентов. Продукты первой необходимости выросли с начала года более чем на 22 процента.

В прошлом году при рассмотрении в Мажилесе проекта республиканского бюджета Правительство и Национальный Банк обещали принять целый комплекс мер и удержать инфляцию в текущем году в запланированном коридоре. Однако, как видим, сложившаяся ситуация говорит об обратном.

Вместе с тем согласно Прогнозу социально-экономического развития на 2023 – 2025 годы, представленному Правительством, инфляция в 2023 году запланирована на уровне 7,5-9,5 процента, а на последующие годы прогнозируется даже снижение до 3-4 процентов.

Вы же понимаете, что эта заложенная прогнозная инфляция в дальнейшем влияет в целом на составление бюджета?

Скажите, пожалуйста, на чем основан такой оптимистичный прогноз? Что же все-таки планируют Национальный Банк и Правительство предпринять для снижения инфляции и прежде всего для снижения цен на продовольствие? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, включите микрофон Премьер-Министра.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Спасибо за вопросы.

Уважаемые депутаты! Прежде всего надо сказать, что в текущем году геополитическая ситуация складывается таким образом, что высокие темпы инфляции стали проблемой для всего мира. В частности, в Соединенных Штатах Америки и странах Европейского союза отмечается рекордный уровень инфляции за последние 40 лет – порядка 10 процентов, а на продовольственные товары и того выше. У наших стран-соседей уровень инфляции также складывается высоким – порядка 14-15 процентов.

Причинами являются повышение цен на энергоносители, минеральные удобрения, продовольственные товары и проблемы с транспортной логистикой.

В нашем случае негативное влияние оказало еще резкое укрепление российского рубля к доллару и, соответственно, к тенге на 30 процентов из-за резкого сокращения импорта в Российскую Федерацию. Соответственно, автоматом весь импорт, который идет из России в Казахстан, подорожал на 30 процентов, а доля России в нашем общем импорте составляет порядка 40 процентов.

Понятно, что все эти негативные факторы в прошлом году при формировании республиканского бюджета мы прогнозировать не могли.

В настоящее время международные эксперты также говорят о том, что мировая экономика входит в фазу рецессии. Вместе с тем мы реализуем экономическую политику, направленную на устойчивое экономическое развитие в среднесрочном периоде.

Что касается инфляции, то мы совместно с Национальным Банком реализуем комплекс мер по сдерживанию инфляции. Это системные и оперативные меры.

Системные меры направлены на обеспечение внутреннего рынка отечественными товарами и снижение импортозависимости, реализацию плана обеспечения продовольственной безопасности. В частности, 55 процентов вклада в инфляцию делают продовольственные товары. Поэтому мы в текущем году в два раза увеличили финансирование агропромышленного комплекса. В результате по итогам девяти месяцев мы видим реальный рост валовой продукции сельского хозяйства на 7 процентов. Также инвестиции в основной капитал в сельском хозяйстве выросли на 7,5 процента в реальном выражении.

В целом в несырьевом секторе на среднесрочный период мы запланировали реализацию 734 проектов на 25 триллионов тенге, из которых 440 проектов – это импортозамещение. В текущем году (по итогам года) будет реализовано 158 новых промышленных производств. В то же время реализуется Программа «Экономика простых вещей», которая также направлена на снижение импортозависимости.

Оперативные меры – это прежде всего вопросы логистики, антимонопольное регулирование, внешнеторговое регулирование, контроль за торговой наценкой (15 процентов) на социально значимые продукты питания, которая установлена законом, а также форвардный закуп формирования стабилизационных фондов, оборотные схемы и другие меры.

Считаем, что в результате принимаемых мер в следующем году инфляция снизится до 7,5-9,5 процента, а в последующих годах еще ниже. Нам надо таргетировать более низкие уровни инфляции и делать все, чтобы достичь более низких значений инфляции.

Кроме того, инфляционных ожиданий тоже нельзя допускать, чтобы, со своей стороны, это также не оказывало негативного влияния на рост цен. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Включите микрофон Председателя Национального Банка.

ПІРМАТОВ Ғ.О. Спасибо за вопрос.

Наш прогноз на следующий год основан на нескольких факторах.

Первый фактор – дезинфляционная денежно-кредитная политика Национального Банка. С начала этого года мы подняли базовую ставку с 9,75 процента до 14,5 процента. Национальный Банк продолжит проводить дезинфляционную денежно-кредитную политику.

Второй фактор – снижение внешнего инфляционного давления на продукты питания. Индекс ООН продовольственных цен шестой месяц подряд показывает падение (пик был в марте текущего года).

Третий фактор – снижение инфляционного давления в странах – основных торговых партнерах Казахстана. В Российской Федерации в следующем году, по прогнозам Центрального Банка России, инфляция сложится на уровне 5-7 процентов.

Что касается давления на инфляцию, ее будут оказывать высокие, незаякоренные инфляционные ожидания населения.

Национальный Банк продолжит проводить дезинфляционную денежно-кредитную политику и принимать все меры, чтобы не допустить бесконтрольного роста цен. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлы.

ТҰРҒАНОВ Д.Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Қаржы министрлігіне.

Құрметті Ержан Ерікұлы! Әлеуметтік-экономикалық даму болжамының деректеріне сәйкес, Қазақстанның жалпы ішкі өнімге шаққандағы мемлекеттік борышы 2023 жылы шамамен 23,7 пайызды құрайды және одан әрі 2027 жылға дейін оның жыл сайынғы өсуі, яғни 25 пайызға дейін өсетіні болжанып отыр.

Есеп комитетінің бағалауы бойынша, Үкімет борышының ұлғаю себебі қарыз қаражатын тиімсіз жоспарлау және игеру, тәуекелдерді жеткілікті пысықтамау және ел экономикасына сыртқы және ішкі қарыз алу құралдарының әсер етуі болып табылады. Бұл туралы депутаттар да бірнеше рет айтқан болатын.

Борышқа қызмет көрсету шығыстары 2023 жылы бюджет шығыстарының 8,4 пайыздан астамын құрайды. Осы мақсаттарға 1,8 триллион теңге жұмсау жоспарлануда, ал 2025 жылға қарай бұл шығыстар бюджет шығыстарының 9,6 пайызын немесе 2,2 триллион теңгені құрайды.

Сонымен бірге экономикада қалыптасқан жағдайды ескере отырып, мемлекеттік шығыстардың жоспарланған деңгейін ұстап тұру үшін мемлекеттік борышты ұлғайтудың қауіпсіздігі туралы мәселе туындап отыр.

Мемлекет басшысы атап өткендей, қаржылық тұрақтылық қоры шексіз емес қой.

Осыған байланысты менің сұрағым бар. Үкімет мемлекеттік борыштың өсуін және оған қызмет көрсету шығындарын тежеу үшін қандай шаралар қабылдайды? Рақмет.

ТӨРАҒА. Қаржы министрлігі, жауап беріңіз.

БІРЖАНОВ Е.Е. Құрметті Дүйсенбай Нұрбайұлы! Қазіргі таңда мемлекеттік борыш пен шығыстар деңгейі қауіпсіз деңгейде қалыптасқан. Борыштардың өсуі республикалық бюджеттің тапшылығына байланысты қарыздарды тартуға себеп болып отыр.

Қазіргі таңда борыштарды және қызмет көрсету шығыстарын азайту үшін мемлекет тарапынан кешенді шаралар қолданылуда. Атап айтқандай, 2021 жылдың қорытындысымен салыстырғанда ішкі өнімнің мөлшері бүгінгі таңда тапшылық 3,3 пайыз болса, 2025 жылға дейін бұл көрсеткішті 2,5 пайызға дейін азайту жоспарланған, яғни жаңа қарыздар алуды азайту көзделген.

Және өз табыс көздерімізді ұлғайту үшін жұмыстар жасалуда. Бұл, біріншіден, салық заңнамасын сапалы жетілдіру, екіншіден, салық және кедендік әкімшіліктендіруді цифрландыру, үшіншіден, шекарадағы өткізу пункттеріне техникалық модернизация өткізу, тағы басқа шаралар.

Валюта тәуекеліне әсер ететін ішкі нарықтан қарыз алу және теңгемен қарыз алу қарастырылған.

Біз Қаржы министрлігінің құнды қағаздарын халықаралық индекстерге қосуды көздеп отырмыз. Қосымша халықаралық депозитарийлерді тартпақшымыз. Соның нәтижесінде бюджет тапшылығы азаяды деп ойлаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Симонов Сергей Анатольевич.

СИМОНОВ С.А. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Мой вопрос адресован Министру национальной экономики.

Уважаемый Алибек Сакенович! Согласно представленному законопроекту доходы республиканского бюджета увеличиваются в 2023 году более чем на 3 триллиона тенге от оценки 2022 года и почти в два раза – от факта 2021 года (темп роста составляет 189 процентов). При этом темп роста экономики в реальном выражении прогнозируется на уровне 4 процентов.

Вместе с тем мы видим, что отдельные налоговые и неналоговые поступления, госпошлины, отдельные виды плат передаются в местные бюджеты, а также прогнозируется сокращение таможенных пошлин в рамках Евразийского экономического союза.

Скажите, пожалуйста, за счет чего и на чем основывается такой оптимистичный прогноз? Как вы собираетесь достигнуть такого роста доходов?

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті Сергей Анатольевич! При расчете параметров республиканского бюджета (в частности, доходов) учитывалось несколько факторов.

Первый фактор – рост самого ВВП, в номинале он увеличивается на 16,5 процента.

Кроме того, используется динамика налоговых поступлений предыдущих лет. На 1 октября текущего года динамика налоговых поступлений увеличилась в 1,5 раза по сравнению с соответствующим периодом прошлого года.

Также на следующий год рассчитаны дополнительные поступления, которые поступят в связи с последними поправками в Налоговый кодекс. В частности, это увеличение НДС на биржевые и внебиржевые товары на 30 и 50 процентов, повышение акциза на табачные изделия в среднем на 27 процентов, дополнительное повышение акциза на нагреваемый табак в несколько раз.

Также увеличен дифференцированный налог на цифровой майнинг.

Кроме того, учитываются доходы, которые поступят от реализации комплекса мер по снижению теневой экономики, повышению таможенного и налогового администрирования за счет цифровизации.

Также это меры, которые реализуются для снижения статистической разницы между таможнями Казахстана и КНР.

В целом данные подходы позволяют даже при консервативном подходе увеличить доходы республиканского бюджета на следующий год.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Хамзин Ғани Булатұлы.

ХАМЗИН Ғ.Б. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Мой вопрос адресован Министру финансов.

Уважаемый Ержан Ерикович! В средствах массовой информации ежегодно публикуются данные о доходах фонда «Самрук-Казына». В этом году речь шла о 1,6 триллиона тенге, на следующий год прогнозируется чистый доход в размере 1,8 триллиона тенге.

Однако плановые перечисления в республиканский бюджет в 2023 году остались на том же уровне, что в текущем. Планируемые дивиденды в этом году составляют 170 миллиардов тенге, а на 2023 год предусмотрено к перечислению 170,5 миллиарда тенге.

Увеличить выплату дивидендов в республиканский бюджет фондом неоднократно поручал Глава государства.

Объясните, пожалуйста, почему при заявленном вами ежегодном увеличении суммы дивидендов фонда, по факту она не растет? Как распределяется оставшаяся сумма дохода фонда?

БІРЖАНОВ Е.Е. Уважаемый Ерлан Жаканович! Уважаемый Ғани Булатұлы! Согласно утвержденной политике дивидендов фонда размер дивидендов определяется путем уплаты дивидендов от компаний фонда за вычетом суммы, направленной на финансирование социально значимых проектов, которые иницируются Президентом или Правительством.

В текущем году от компаний фонда поступило по итогам 2021 года 490 миллиардов тенге, из которых 170 миллиардов уже поступило в республиканский бюджет. Кроме того, 140 миллиардов сегодня направлены на социальные инфраструктурные проекты – объекты здравоохранения и спорта. В целом за текущий год в пользу государства направлено 310 миллиардов тенге.

Что касается 2023 года, также планируется в виде дивидендов в республиканский бюджет получить более 170 миллиардов тенге. Фонд «Самрук-Казына» будет уплачивать взносы в Фонд «Қазақстан халқына» в размере 130 миллиардов тенге, а также будет финансировать социальные проекты в размере 260 миллиардов тенге. Это опять же объекты здравоохранения, образования, а также строительство жилых домов для социально уязвимых слоев населения.

В целом суммы в пользу государства составят 560 миллиардов тенге, что больше текущих затрат в 1,8 раза. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Абасов Қайнар Бегалыұлы.

АБАСОВ Қ.Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жаканұлы.

Менің сұрағым Экология, геология және табиғи ресурстар министрі мен Қаржы министрлігіне.

Су саласын дамыту перспективалары тақырыбында 2022 жылғы 17 маусымда өткен Парламенттік тыңдау барысында мен Түркістан облысындағы суару арналарын қалпына келтіруді қаржыландыру мәселелерін көтерген едім.

Сол кезде, Серікқали Аманғалиұлы, сіз бізді қазіргі уақытта Мақтаарал, Түлкібас, Ордабасы аудандарындағы арналардың жобалау-сметалық құжаттамасына түзетулер енгізіліп жатыр, жұмыстарды толық аяқтау 2023 жылдың соңына жоспарланған деп сендірген едіңіз. Сайлаушыларымыз бұл жөнінде өңірге жасалған сапар барысында хабардар етілді. Алайда бюджетте біз осы жобаларға салынған қаражатты көрмедік. Облыстағы басқа жобалар бойынша қаржыландыру көлемінің қысқаруы орын алып отыр.

Жобаларды іске асыру мерзімдерінің бұзылуы түпкі нәтижесінде жоғарыда аталған аудандардағы егіннің шығымдылығына және тиісінше шаруалардың табысына кері әсерін тигізеді, 700 мыңнан астам халқы бар жоғарыда аталған аудандардың тұрғындары арасындағы әлеуметтік шиеленістің өсуіне алып келеді. Осыған байланысты сұрағым бар.

Жоғарыда аталған аудандардағы суару арналарын жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары 2023 жылдың соңына дейін аяқтала ма? Осы жұмыстарды қандай қаражат есебінен аяқтауды жоспарлап отырсыздар?

БРЕКЕШЕВ С.А. Құрметті Қайнар Бегалыұлы, сұрағыңызға рақмет.

Биылғы жылы Түркістан облысында он бір нысанды жөндеу жұмыстарына 7,3 миллиард теңге бөлінді. Оның ішінде сіз көтеріп отырған аудандардағы алты нысанда жөндеу жұмыстары атқарылуда. Сонымен қоса Түркістан магистраль каналын жөндеу аяқталуда. Ол шамамен 60 миллион текшеметр суды үнемдеуге мүмкіндік береді. Жалпы, министрлік бюджетінің су шаруашылығына бөлінген қаржысының 65 пайызы Түркістан облысына тиесілі. Ал 2023 жылдың бюджетіне келсек, онда бар болғаны 3,1 миллиард теңге бөлінді. Оның себебі, біріншіден, Түркістан магистраль каналын жөндеу жұмыстарын аяқтап жатырмыз, екіншіден, сіз айтқандай, жобаларға түзету енгізілуде. Бұл жұмыстарды біз осы жылдың соңына дейін бітіреміз, содан кейін қаржыландыру үшін келесі жылы бюджет нақтылануына ұсынып, аталған жобаларды 2023 жылдың аяғына дейін толық бітіреміз.

Түркістан облысына халықаралық қаржы көздерінен, яғни Еуропа даму және қайта құру банкінен 22 миллиардқа, Азия даму банкінен 28,3 миллиардқа және Дүниежүзілік банкінен ПУИД-2 жобасы аясында нысандарды жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Қосымша айта кетейін. Алдын ала атқарылған жұмыстардың арқасында биылғы жылы вегетациялық кезең жақсы аяқталды деп ойлаймын. Барлығы сумен қамтамасыз етілді, ешкім судың тапшылығын көрген жоқ.

Келесі жылы су тапшылығын болдырмау үшін біз алдағы вегетациялық кезеңге дайындық жұмысын бастап кеттік.

Жалпы, бұл мәселе министрліктің күнделікті бақылауында. Рақмет.

ТӨРАҒА. Қайнар Бегалыұлы, сізде күмән болды ма? Бәрі тамаша жасалып жатыр дейді ғой. Жауабына қанағаттанасыз ба? Жақсы.

Қаржы министрлігі жауап бере ме?

БІРЖАНОВ Е.Е. Қосымша айта кететін болсақ, әріптесім Серікқали Аманғалиұлы айтқандай, қазіргі таңда сыртқы факторлардың әсерінен жобаларға түзетулер енгізіліп жатыр. Түзетулер сараптамадан оң бағасын алғаннан кейін бюджет процесіне байланысты бізге сұраныс болса, бюджеттің мүмкіншілігін ескере отыра бірінші нақтылау кезінде қарауға дайынбыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Омарбекова Жанат Әнуарбекқызы.

ОМАРБЕКОВА Ж.Ә. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Мой вопрос адресован Министру труда и социальной защиты населения.

Уважаемая Тамара Касымовна! Согласно рассматриваемому проекту республиканского бюджета на государственное базовое социальное пособие по инвалидности на 2023 год предусмотрено 379,2 миллиарда тенге.

Размеры пособий повышаются лишь с учетом ежегодных индексаций в пределах 5 процентов. При этом годовая инфляция сохраняется на очень высоком уровне.

На сегодняшний день средний размер пособия инвалида даже не достигает размеров минимальной заработной платы. Более того, лицам с инвалидностью, не имеющим дополнительный доход, приходится существовать на эти минимальные пособия.

Ровно год назад мною был озвучен депутатский запрос, в котором я предлагала разработать новую методологию расчета социальных пособий, которая соответствовала бы положениям Конвенции о правах инвалидов, для обеспечения эффективного осуществления инвалидами права на жизнь наравне с другими.

Учитывая вышеизложенное, скажите, пожалуйста, что сделано в этом направлении министерством и когда люди с инвалидностью получают соответствующее пособие?

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Тамара Касымовна.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Уважаемая Жанат Ануарбековна! Уважаемые депутаты! Социальное обеспечение лиц с инвалидностью включает не только денежные выплаты, но и гарантированный государством и бесплатно предоставляемый широкий перечень технических средств и специальных социальных услуг.

Если говорить о пособии, то лица с инвалидностью, которые являются участниками системы социального страхования, сегодня получают пособия из трех источников – республиканского бюджета (как Вы сказали, Жанат Ануарбековна, базовое пособие), Фонда социального страхования и страховых компаний. Сегодня размер социальных выплат из трех источников составляет порядка 146 тысяч тенге.

Если говорить о лицах, которые не являются участниками социального страхования, то у них максимальный размер на следующий год будет составлять 78 тысяч тенге, а минимальный (третья группа) – 48 тысяч тенге, но большая часть этих людей работает, это дополнительные выплаты к их доходам.

Плюс если добавить к третьей группе минимальный набор технических средств и минимальный набор специальных социальных услуг, то содержание или же социальная поддержка инвалида третьей группы со стороны государства составляет 2,8 миллиона тенге в год.

Тем не менее с учетом ваших предложений и предложений рабочей группы, которые были представлены в рамках Социального кодекса, мы сейчас ведем работу по модернизации системы социального обслуживания и в рамках нее рассматриваем механизмы дальнейшего совершенствования системы социальной поддержки инвалидов.

ТӨРАҒА. Депутат Тәжмағамбетова Мақпал Мазакқызы.

ТӘЖМАҒАМБЕТОВА М.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Мәдениет және спорт министріне.

Құрметті Дәурен Әскербекұлы! 2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасында министрліктің «Тарихи-мәдени мұраның сақталуын қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша алдағы үш жылға 19 миллиард 387 миллион 922 мың теңге мөлшерінде шығыстар көзделген. Бұл қаражат 5 мемлекеттік мұражай мен 12 тарихи-мәдени қорық мұражайын, көрмелер мен тұсаукесерлерді қамсыздандыруға бағытталады. Бірақ еліміздің рухани негізі болып табылатын тарихи-мәдени объектілерді жаңғырту проблемасы назардан тыс қалып қойған секілді. Мәселен, «Қазақ халқының мәдени мұрасын зерделеуді жинақтау және жүйелеу» бағдарламасы бойынша алдағы үш жылға 158 миллион 400 мың теңге сомасында шығыстар жоспарланған. Бұл шығындар мұражай-қорықтарды жандандыру жолдарын анықтайтын Бас жоспарды әзірлеуге бағытталған.

Өздеріңіз білесіздер, тарихи-мәдени жәдігерлер жыл сайын табиғи, техногендік апаттардың, антропогендік әсерлердің салдарынан бүлініп жатыр. Бұл объектілерді сақтау бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бұл бағытта тек құжаттама, дерекқор құру, мониторинг жасау ғана көзделген. Бұл мәселені жүйелі түрде шешу үшін неге басым тәртіппен қаражат бөлінбеген? Рақмет.

АБАЕВ Д.Ә. Құрметті Мақпал Мазакқызы, сұрағыңызға рақмет. Бұл өте күрделі сұрақ. Бұны үш негізден қарау керек.

Сіз дұрыс айттыңыз, бізде 5 мемлекеттік музей, 12 музей-қорық бар. Бұларға жыл сайын 6,3 миллиард теңгедей қаржы бөлінеді. Әр қорықты өте күрделі, өте ауқымды жоба ретінде қарау керек, мысалы, Таңбалы, Ұлытау, Жидебай-Бөрілі сияқты. Осы қаражат музей-қорықтардың ішіндегі объектілерге қарастырылған, яғни үлкен-үлкен жобалардың, үлкен-үлкен объектілердің ішіндегі объектілерге реставрация жасаймыз, жұмыстар өткіземіз.

Бізде «Қазреставрация» деген ұйым бар, оған 1 миллиард теңгеге жуық қаржы қарастырылған. Бұл қаржы мемлекеттік, республикалық маңызы бар объектілерге ғана емес, Қазақстан бойынша барлық объектілерге ғылыми-реставрациялық жұмыстарын, жөндеу жұмыстарын жүргізуге қарастырылған.

Біз мониторинг жүргіземіз. Негізі «ойбайлағандарға» көп қаржы бөлінуде. Енді мониторинг жасап, зерттеу жұмыстарын жүргізгеннен кейін 2024 жылы жүйелі түрде сіз

айтып отырған мәселелерді шешеміз. 2024 жылдан бастап осы жүйені біз қолға аламыз. 2023 жылы бәрін зерттеп, Қазақстандағы қай объектіге көңіл бөлу керектігін қарап, 2024 жылы сіз айтқан мәселелерді шешеміз. Бұл қаражат биыл бірінші рет беріліп отыр, бұрын берілмеген. Бұл жұмысты жүргіземіз. Сұрағыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Әбсеметова Әлия Маратқызы.

ӘБСЕМЕТОВА Ә.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Асхат Қанатұлы! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында жаңа мектептер салуға ерекше назар аударып, оның Үкімет пен әкімдердің басым міндеттерінің бірі болуға тиіс екенін атап өтті.

Биылғы оқу жылында біз елордада және Алматы қаласында бірінші сынып оқушыларының рекордтық санының куәсі болдық. Демографиялық динамика мен урбанистік процестер оқушы орындарының тапшылығы жағдайын одан сайын қиындатуда. Сонымен қатар үш ауысымды және апатты мектептер бойынша балалардың оқуы мен жан-жақты дамуы үшін лайықты жағдай жасауға мүмкіндік бермейтін проблемалар бар.

Біз білетіндей, бұрын іске асырылған осыған ұқсас бағдарламалардан мектеп құрылысына байланысты жобалардың сапасына, мерзіміне, құнына және қымбаттауына байланысты проблемалар бар. Бірқатар өңірлерде мектеп салу бойынша алдыңғы жоспарлар толық көлемде орындалмаған.

2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет шеңберінде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру жоспарланып отыр. Үш жыл ішінде осы мақсаттарға 504 мектеп салу үшін шамамен 2,6 триллион теңге бөлу жоспарлануда.

Осыған байланысты менің сұрағым бар. Сіздер үш ауысымды және апатты мектептер бойынша оқушы орындарының тапшылығы проблемаларын қалай шешейін деп отырсыздар? Өткен жылдардағы қателіктерді ескергенде бағдарлама қалай жүзеге асырылмақ?

ТӨРАҒА. Асхат Қанатұлы.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті Әлия Маратқызы! Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес біз «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын дайындадық. Осы жобада біз барлық тәуекелдерді ескердік. Және бұл ұлттық жобаның өз ерекшеліктері бар, атап айтсақ, ұлттық жоба толығымен республикалық бюджет арқылы қаржымен қамтамасыз етілді. Бұған дейін республикалық бюджеттен жылына 100 миллиардқа жуық қаражат, яғни үш жылда 3 миллиардқа жуық қаражат бөлінсе, енді Мемлекет басшысының қолдауымен бұл ұлттық жобаға республикалық бюджеттен 2,6 триллион қарастырылып отыр.

Мектеп салуда біркелкі құрылыс нормативтері сақталады, ол үшін құрылыс нормативтері қабылданды. Мектеп салуда бірізділікті сақтау үшін ол жұмысты ортақ оператор атқаратын болады. Ол өте маңызды. Мемлекеттік мектеп салғанда тек мектеп

ғимаратын ғана қамтымай, сол ғимаратқа баратын жолды да, автобус аялдамаларын да, инженерлік инфрақұрылымды да қамтып отырмыз. Осы мәселелер де қарастырылады.

Бір сөзбен айтсақ, ұлттық жоба 800 мың балаға арнап жоғары стандарттарға сәйкес заманауи, жайлы мектеп салынады дегенді білдіреді. Оған өте сапалы құрылыс материалдары қолданылады. Балалар үшін тиісті жағдайлар жасалады. Қауіпсіздік жүйелері де енгізілетін болады. Сондықтан барлық тәуекелдер қарастырылып отыр.

Құрметті депутаттар, өздеріңіз жақсы білесіздер, Мемлекет басшысы Жолдауында сыбайлас жемқорлықтан тәркіленген қаражатты мектеп салуға жұмсау бойынша айтқан болатын. Бұл мәселе бойынша заңнамалық өзгерістер әзірленді, ол жұмыс қолға алынып, мектептер салынатын болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Сапарова Әлия Сүйіндікқызы.

САПАРОВА Ә.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Индустрия және инфрақұрылымдық даму министріне.

Құрметті Қайырбек Айтбайұлы! Шығыстарға арналған бапта теміржол тасымалын субсидиялауға 43 миллиард теңге көзделген, ал авиатасымалдауға 6 миллиард теңге.

2018 жылы теміржол тасымалының субсидиялануы 30 миллиард, ал әуе тасымалына 2 миллиард теңге қаражат бөлінген, яғни, пандемияға дейінгі және одан кейінгі салыстыру ретінде қарғанда, биылғы бөлінген қаражат әжептәуір артық. Менің сұрақтарым осыған байланысты.

Бірінші. Аталған кезеңдегі қаржыландырудың артуы немен байланысты?

Екінші. Субсидиялар ұлғайтылса, енді халық үшін теміржол мен авиабилеттердің құнын төмендету көзделе ме?

Үшінші. Депутаттар мен Есеп комитеті әлеуметтік маңызы бар бағыттар бойынша субсидияларды оңтайландыру мәселелерін бірнеше рет көтерген болатын. Осы оңтайландыру бойынша министрлік нормативтік құқықтар актілерінде қандай тетіктер мен өзгерістерді көздеп отыр?

Осы мәселелерге тоқталсаңыз.

ТӨРАҒА. Қайырбек Айтбайұлы.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті Әлия Сүйіндікқызы! Әуе және теміржол билеттерінің бағасын субсидиялау, біріншіден, бағаны тұрақтандыруға, екіншіден, ол халық үшін қолжетімді болуға бағытталған. Билет бағасының алгоритмі – неғұрлым ерте алса, соғұрлым арзан болады, неғұрлым кеш алса, соғұрлым қымбат болады. Осы бағытпен жұмыс істеп жатырмыз. Жаңа өңірлерге теміржол маршруттарының, әуе маршруттарының ашылуына байланысты баға шығындары ұлғаяда.

Өздеріңіз білетіндей, Мемлекет басшысы Павлодар облысында болған сапарында халық Астанаға маршрутты қайтадан ашу бойынша ұсыныс-пікірлерін айтқан болатын, сондықтан ол маршрут та қосылып жатыр.

Тараз бен Атыраудың арасындағы қашықтық өте үлкен, сондықтан сол маршрутты да қосса деген өңірлерден пікірлер түсіп жатыр. Субсидияның өсуі де осыған байланысты.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Смышляева Екатерина Васильевна.

СМЫШЛЯЕВА Е.В. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Мой вопрос адресован Министру индустрии и инфраструктурного развития.

Уважаемый Каирбек Айтбаевич! В текущем проекте бюджета на субсидирование затрат на аренду жилья для социально уязвимых категорий граждан предусмотрено больше 40 миллиардов тенге. Вместе с тем мы все видели опыт этого года, когда при таких объемах планирования бюджетных средств освоение составило не более 10 процентов. Это обусловлено рядом объективных причин, в том числе состоянием рынка арендного жилья, дефицитом предложений на этом рынке, а также его теневой природой.

Мы все прекрасно понимаем, что за год ситуация не изменится. При этом опять планируем практически ту же самую сумму.

В связи с этим вопрос: зачем мы планируем такие деньги, когда заведомо знаем, что они скорее всего не будут освоены? Ведь эти суммы, в принципе, могли работать более эффективно на другие жилищные программы для таких же социально уязвимых категорий граждан. Спасибо.

ТӨРАҒА. Каирбек Айтбаевич.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Уважаемая Екатерина Васильевна! Действительно, данный вопрос очень подробно обсуждался в рамках рабочей группы и на заседании комитета у Альберта Павловича.

У нас возникла ситуация, когда люди годами ждут жилья. Естественно, четырем категориям – инвалидам первой и второй групп, семьям, воспитывающим детей-инвалидов, многодетным семьям, детям-сиротам, которые имеют доходы ниже одного прожиточного минимума, необходимо было создать условия, чтобы они могли более-менее достойно в этот промежуток времени реализовать свои жилищные возможности. Поэтому данный механизм был внедрен в этом году и в рамках уточнения бюджета были выделены средства.

На основании расчетов, которые применяются Министерством труда и социальной защиты, мы посчитали, что около 70 тысяч человек теоретически могут обратиться к нам. Данная сумма была взята из этих расчетов.

Да, программа только набирает обороты. Наверное, нельзя сказать, что с первых дней придет большое количество людей. На следующий год мы ставим это же количество.

В этом году перераспределение было перенаправлено на решение жилищных вопросов социально уязвимых слоев населения в «Отбасы Банк» для выдачи льготного кредита. Мы сейчас обсуждаем в Мажилисе Закон «О жилищных отношениях» и в следующем году все-таки будем возвращаться к строительству и приобретению арендного

жилья. Часть этих денег в случае необходимости будет перенаправлена на строительство или приобретение арендного жилья для социально уязвимых слоев населения. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Ли Юрий Виссарионович.

ЛИ Ю.В. Спасибо, уважаемый Ерлан Жақанович.

Мой вопрос адресован Министру цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности.

Уважаемый Багдат Батырбекович! По данным из открытых источников резиденты «Astana Hub» за третий квартал этого года заработали порядка 117 миллионов долларов. Если 1 процент этой суммы идет в бюджет «Astana Hub», получается, что это вполне прибыльное предприятие. Вместе с тем в проекте бюджета на этот год для поддержки вашей подведомственной структуры предусмотрено порядка 4,5 миллиарда бюджетных средств.

В связи с этим вопросы:

1. Когда «Astana Hub» выйдет на полную самоокупаемость без дополнительных бюджетных инвестиций?

2. В этих 117 миллионах долларов учтены доходы майнеров или эту сумму удалось заработать после исключения майнинговых компаний из числа резидентов «Astana Hub»?

Рақмет.

МУСИН Б.Б. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Уважаемый Юрий Виссарионович! Спасибо за вопросы.

Действительно, мы наблюдаем рост доходов участников «Astana Hub». За девять месяцев текущего года он составил порядка 150 миллиардов тенге. Понятно, доходы «Astana Hub» растут пропорционально. Наша задача – стабилизировать эти доходы и потоки, чтобы выйти на самоокупаемость. Необходимо учитывать, что хаб, как и все остальные предприятия, получая доходы, уплачивает КПП, НДС, все виды налогов.

Наша цель – с 2026 года отказаться от финансирования из республиканского бюджета и хаб станет полностью самоокупаемым. С 2024 по 2026 годы мы планируем поэтапно сокращать финансирование из республиканского бюджета в сторону хаба пропорционально тем суммам, которые отражаются в доходах.

По сумме доходов. 117 миллионов долларов сформировано за третий квартал. Действительно, эта сумма была сформирована после исключения из списков резидентов «Astana Hub» компаний, которые предоставляли в аренду вычислительные ресурсы для майнеров. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Торғаев Бекқали Нұрғалиұлы.

ТОРҒАЕВ Б.Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Ауыл шаруашылығы министріне.

Құрметті Ербол Шырақпайұлы! Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ақпараты бойынша жалпы сипаттағы трансферттер шеңберінде ауыл шаруашылығын субсидиялау мөлшері 2023 жылы 405 миллиард теңгені, 2024 жылы 424 миллиард теңгені, 2025 жылы 440 миллиард теңгені құрайды. Бұл ретте ағымдағы жылы агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялауға 452 миллиард теңге мөлшерінде сома көзделген.

2022 қаржы жылына қатысты саланы мемлекеттік қолдаудың бөлінетін көлемінің (50 миллиардқа жуық) төмендеуіне не себеп болды?

Инфляция және бағаның, оның ішінде өндірістің негізгі құралдары бағасының тұрақты өсуі нәтижесінде ескерілмейді? Оның үстіне жыл сайын жаңа өндірістер пайдалануға берілетіндіктен тиісінше бөлінетін қаражатқа қажеттілік тек өсетіндігі анық. Осы сұрақтарға жауап берсеңіз.

ТӨРАҒА. Ауыл шаруашылығы министрі.

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті Бекқали Нұрғалиұлы! Биылғы жылы ауыл шаруашылығы саласын Үкімет тарапынан қаржылай қолдау көлемі 450 миллиард теңгеге жетті. Былтырғы жылмен салыстырғанда 20 пайыз өсім болды. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы саласы биыл тоғыз айдың ішінде ең жоғары өсім көрсетіп отыр. Негізі қазіргі таңда отандық экономиканың өсуінің көшбасшысы ауыл шаруашылығы болып отыр.

Биылғы жылғы бюджетке 450 миллиард болып түскен жоқ. Жылдың басында бюджетте 311 миллиард теңге жоспарланған. 450 миллиардты жоспарланған сомамен салыстырсақ, 30 пайыз өсім болып отыр. Біз Ұлттық экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен алдын ала келісу бойынша келесі жылы бюджетті нақтылау кезінде қосымша қаражат қосатын боламыз. Бәрін ескере отырып, келесі жылдың нәтижесі бойынша ауыл шаруашылығы саласын қаржыландыру көлемінің оң өсу динамикасын сақтаймыз деп отырымыз. Қосымша қаражат сұраймыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Паяев Айбек Мінаимбекұлы.

ПАЯЕВ А.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Ұлттық экономика министрі мен Қаржы министрінің міндетін атқарушы азаматтарға.

«Шығыс болмай, кіріс болмайды» дейді. Ұлттық қордан қаражатты халықтың әлауқатын арттыруға, мемлекеттік экономиканы жаңартуға, күшейтуге бөліп отырмыз. Оның барлығы дұрыс. Бірақ шыққан ақша салық ретінде қайтып отыру керек. Маңғыстау облысы донор қатарынан түсіп кеткені алаңдатып отыр. Біз экономикамыз өсіп жатыр деп ауыз толтырып айтып отырмыз, дегенмен біздегі маңызды донор өңір донор қатарынан шығып қалды.

Бірінші сұрақ. Бұл экономиканың төмендігі ме немесе кірістерді әкімшіліктендірудегі кемшілік пе? Оны қалай түсінсек болады?

Екінші сұрақ. Павлодар, Ақтөбе облыстары бүгінгі күні байлық жағынан да, халықтың потенциалы жағынан да өте мықты өңірлер. Ақтөбеде мұнайдан бастап газ, темір, алтын, хромға дейін бар. Павлодарда өнеркәсіп толығымен дамыған, бір ғана Екібастұздағы жағдайды айтсақ болады, дүние жүзі бойынша үшінші бассейн, дегенмен донор қатарында жоқ. Осы мәселені қалай реттеу керек? Бұл кемшілік кімнен болып отыр, министрліктің кесірінен бе, жоқ, сол облыстағы әкімдердің, мемлекеттік органдардың басшыларынан ба? Рақмет.

ТӨРАҒА. Дұрыс.

Ұлттық экономика министрі, содан кейін Қаржы министрі жауап береді.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті Айбек Мінаимбекұлы! Жалпы сипаттағы трансферттерді санағанда, біз барлық өңірлердегі факторларды, кірістер базасын назарға алдық. Сондықтан келесі жылдан бастап үш донор болады – Астана, Алматы қалалары және Атырау облысы. Болашақта экономикасының өсуін, яғни жаңа сіз айтқан Ақтөбе, Павлодар, Маңғыстау облыстарының және басқа өңірлердің кірістерін өздерінің базаларына енгіземіз. Экономикасының өсуі, жаңа мүмкіндіктері болған жағдайда біз осы факторларды есепке аламыз. Жаңадан құрылған Алматы облысының да донор тізіміне енуіне үлкен потенциалы бар. Рақмет.

ТӨРАҒА. Қаржы министрі.

БІРЖАНОВ Е.Е. Құрметті Айбек Мінаимбекұлы, кірістердің түсуі бойынша ақпарат беретін болсақ, былтырғы жылмен салыстырғанда биылғы жылы республикалық бюджеттік жоспар 2,8 триллионға ұлғайған болатын, яғни 38 пайызға өсті. Келесі жылға осындай деңгей қалыптасып отыр.

Тоғыз айдың қорытындысын айтатын болсақ, былтырғы жылдың тоғыз айымен салыстырсақ, 46 пайыз салық түсімдері түсуде. Бұл салықтық және кедендік әкімшіліктендірудің нәтижесі. Сондықтан біз қолданып жатқан құралдарымызды жетілдіреміз.

Кеден саласындағы әкімшіліктендіру қорытындысына келсек, соңғы айда 60 миллиард түскен. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Альберт Павлович, Вы громко проявляете недовольство. Пожалуйста, включите микрофон и скажите.

РАУ А.П. Я прошу прощения. Финансово-экономический блок должен ответить очень просто: было поручение Президента снизить встречные трансферты, сейчас они привели это в соответствие, поэтому Мангистауская область ушла из категории доноров. Вот и все. Кешіріңіз.

ТӨРАҒА. Министрлік, назарға алыңыздар.

Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз депутат Бойчин Анатолий Васильевичке беріледі.

БОЙЧИН А.В. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Уважаемые депутаты и приглашенные! Позвольте проинформировать о работе, которая была проведена рабочей группой Мажилиса Парламента Республики Казахстан.

По проекту Закона «О республиканском бюджете на 2023 – 2025 годы» проведено 9 заседаний рабочей группы, заслушаны 20 администраторов бюджетных программ, а также субъекты квазигосударственного сектора по направлениям их деятельности.

В ходе работы над законопроектом депутатами внесено более 270 поправок. Поправки депутатов касались как увеличения, так и уменьшения расходной части бюджета.

На 2023 – 2025 годы депутаты предлагали увеличить расходы на сумму более 1,7 триллиона тенге, из которых только в 2023 году более 732 миллиардов тенге.

Основные направления, по которым депутаты предлагают увеличить расходы, – это образование, здравоохранение, социальное обеспечение, жилищно-коммунальное хозяйство, транспорт, коммуникации и другие.

В ходе рассмотрения проекта бюджета с администраторами бюджетных программ проходили обсуждения по максимально эффективному использованию средств и включению в бюджет только ключевых приоритетов.

Таким образом, депутатами предложено внести в законопроект следующие поправки на 2023 год:

1) на реализацию мероприятий Послания Главы государства народу Казахстана от 1 сентября 2022 года «Справедливое государство. Единая Нация. Благополучное общество» – 219,9 миллиарда тенге;

2) на реализацию отдельных мероприятий в рамках Социального кодекса – 14,7 миллиарда тенге только на 2023 год;

3) на выплату премий по вкладам в жилищные строительные сбережения – 35 миллиардов тенге.

Также 54,3 миллиарда тенге дополнительно будут направлены на сельское и городское водоснабжение, инженерно-коммуникационную инфраструктуру, развитие газоснабжения, дороги, строительство больниц.

Источники финансирования – это резерв на инициативы Президента и резерв Правительства.

Кроме того, для реализации Указа Президента о реорганизации Министерства образования и науки внесены поправки, предусматривающие перераспределение расходов на два новых министерства (без увеличения расходов).

Подробная информация в разрезе администраторов бюджетных программ отражена в сравнительной таблице, повторяться не буду.

Уважаемые коллеги, таким образом, данные расходы направлены на исполнение поручений Президента Республики Казахстан, развитие регионов и улучшение качества жизни граждан страны.

Кроме того, внесены поправки редакционного характера, обеспечивающие устранение внутренних противоречий, уточнение редакции.

Текст законопроекта приведен в соответствии с правилами юридической техники.

В заключение хочу сказать, что всеми комитетами Мажилиса Парламента по обсуждаемому законопроекту были представлены положительные заключения.

Также хочу поблагодарить членов рабочей группы, весь депутатский корпус, государственные органы за конструктивную работу.

Комитет по финансам и бюджету считает возможным рекомендовать Мажилису Парламента Республики Казахстан с учетом внесенных поправок одобрить законопроект «О республиканском бюджете на 2023 – 2025 годы». Прошу поддержать.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо, Анатолий Васильевич.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Құлшар Мәлік Иманқұлұлына беріледі.

ҚҰЛШАР М.И. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер мен шақырылғандар! «2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың биылғы Қазақстан халқына жолдаулары мен тапсырмалары және еліміздің 2027 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму болжамы негізінде әзірленген.

Үш жылдық бюджет жобасында халықтың әл-ауқатын жақсартуды және алдағы кезеңде орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз ету мақсатында жалпыұлттық басымдықтары және Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары ескерілген.

Алдағы жылдарда он ұлттық жоба іске асырылу жоспарлануда. Оның ішінде бюджет жобасы шеңберінде:

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру үшін үш жылдық мерзімде 2,6 триллион теңгеге 504 мектеп салу жоспарлануда. Бұл мектеп құрылыстары авариялық және үш ауысымдық оқыту мәселелерінің шешімін табуға мүмкіндік береді;

ғылымды дамытуға 645 миллиард теңге шығыстар көзделген. Бұл шығыстар 77 ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтерді, ғылыми зерттеулерді қаржыландыруға бағытталған;

«Дені сау ұлт» ұлттық жобасы аясында үш жылға 5,9 триллион теңгеге тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз етуге, жарна төлеуден босатылған 11,5 миллион азаматтарымыз үшін әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарна төлеуге, салауатты өмір салтын насихаттауға және салынып жатырған денсаулық сақтау объектілерін аяқтауға және жалғастыруға бағытталмақшы.

Бұл сандар үш жылдық бюджеттің әлеуметтік бағдарланғанын көрсетеді.

Сонымен қатар үш жылдық бюджетте экономиканың нақты секторын қолдауға баса көңіл бөлінген. Бұл салаға 4,9 триллион теңге бағытталмақшы.

1. Өңдеу өнеркәсібін дамытуға «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу» ұлттық жобасы бойынша 184 миллиард теңге, оның ішінде 2023 жылы 167 миллиард теңге шығыстар жоспарланған.

2. Жалпы, кәсіпкерлікті қолдауға, сондай-ақ Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде республикалық бюджеттің жобасында 435 миллиард теңге шығыстар көзделген.

3. Көлік инфрақұрылымын дамытуға үш жылда 1,4 триллион теңге қаражат көзделген. Олар республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын дамытуға, автожолдар салу және реконструкциялауға, жергілікті автомобиль жолдары желісін дамытуға бағытталмақшы.

4. Газ тасымалы жүйесін дамытуға 110 миллиард теңге бөлінген. Үш жылда 104 жоба жүзеге асырылмақшы. Аймақтарда 80 ауылдық елді мекендер табиғи газбен қамтамасыз етілмекші.

2023 жылға экономиканың нақты секторын қолдауға арналған бюджет шығыстары 2,4 триллион теңге сомасында жоспарланған.

Сонымен қатар маңызды мәселе – біз өткен жылдары республикалық бюджеттен түрлі бағдарламалар бойынша көптеген қаражат жұмсалғанын білеміз. Олардың негізгі мақсаты экономиканы әртараптандыру, өңдеу өнеркәсібін дамыту болды.

Алайда бұрынғы қаржылық құйылымдардың нәтижелері қаншалықты тиімді? Біздің экономикамыздың құрылымы қаншалықты өзгерді? Дегенмен экономикадағы құрылымдық өзгерістер баяу жүріп жатқанын атап өтуіміз керек. Біз әлі де Ұлттық қордан бюджеттің кіріс бөлігіне трансферттерді көп тартып жатырмыз.

Көптен бері айтылып келе жатқандай, толыққанды шешім экономиканы әртараптандыруда, кірістерді толықтырудың түбегейлі жаңа көздерін құруда ғана жатыр. Сонымен біз Ұлттық қордан алатын ақшаны болашақ ұрпақтың ақшасы екенін ұмытпай, өте орынды пайдалануымыз қажет.

Сондықтан Үкіметті ел экономикасын дамыту және әртараптандыру міндеттерін жүзеге асыруға, өз көзқарастарын жетілдіруге тағы да шақырғым келеді.

«AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын Үкіметпен бірлесіп тиімді жүзеге асыру күн тәртібінде тұрған партияның басты міндеттерінің бірі.

Партияның бекітілген Жол картасында әр өлке бойынша нақты міндеттер жоспарланған. Жергілікті атқарушы органдар экономикалық ынталандыруды күшейту, олардың қаржылық дербестігі мен өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешудегі жауапкершілігін кеңейту үшін республикалық бюджеттен барлық ағымдағы трансферттерді жергілікті бюджеттер базасына беру жүзеге асырылды.

Үш жылдық кезеңде нысаналы даму трансферттері түріндегі шығыстар 3,3 триллион теңге, оның ішінде 2023 жылы 1,1 триллион теңгені құрайды.

Осы заң жобасын талқылау барысында депутаттар Үкіметпен бірге жасаған жұмысының нәтижесінде сумен қамтамасыз ету, көлік инфрақұрылымын дамыту, газ тасымалдау жүйесін дамыту сияқты маңызды салаларға республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлу туралы мәселелер шешілді.

Сонымен қатар қосымша қаражат Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстан халқына Жолдауында айтып өткендей әлеуметтік мәселелерді шешуге де бөлінді.

Жолдаудың негізгі іс-шараларын жүзеге асыруға үш жыл ішінде 851,8 миллиард теңге бөлінеді, оның ішінде ең төменгі базалық зейнетақы мөлшерін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан 70 пайызға дейін, ең жоғарғысын 120 пайызға дейін біртіндеп жеткізуге, жинақтаушы зейнетақыны орта есеппен 27 пайызға ұлғайту мақсатында жасына байланысты зейнетақыны есептеу үшін ең жоғарғы табысты 46 айлық есептік көрсеткіштен 55 айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайтуға, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап бала күтімі бойынша төлемдерді тағайындау кезеңінің ұзақтығын 1,5 жасқа дейін ұлғайтуға, тұрмысы төмен отбасындағы балаларға кепілдендірілген әлеуметтік пакетті және әрбір балаға 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қосымша төлем қарастырылған.

Үкімет бюджетте бекітілген шектерді орындауға бар күш-жігерін салып, бөлінген қаржыны толық көлемде ғана емес, сапалы игеру шараларын да қабылдайды деп есептейміз.

Құрметті әріптестер! Жалпы алғанда, «2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Жалпыұлттық жоспардың басымдықтарына сай келетінін атап өткім келеді.

Бюджет ең әуелі әлеуметтік бағытын сақтап келеді, мемлекетіміздің барлық салаларын одан әрі үдемелі дамыту үшін қаржылық негізді қамтамасыз етеді. Ең негізгі – осы бөлінген қаражаттар азаматтардың әл-ауқатын арттыруға әкелуі маңызды.

Жоғарыда айтқандарды ескере отырып, осы заң жобасын қабылдауды ұсынамын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Перуашев Азат Тұрлыбекұлына беріледі.

ПЕРУАШЕВ А.Т. Рақмет, құрметті Төраға.

Уважаемые коллеги! Фракция «Ак жол» поддерживает запланированный рост доходов бюджета, причем на следующий год сразу на 3,2 триллиона. Это очень хороший показатель. В то же время в доходах наибольший удельный вес занимают налоговые поступления, из которых основная доля приходится на поступления от НДС и КППН.

Одним из источников увеличения налоговых поступлений указано улучшение цифровизации и фискального администрирования.

Считаем необходимым отметить, что предусмотренное увеличение по НДС более чем на 32 процента никак не вяжется с поручением Президента по введению дифференцированных ставок налогов. Если учитывать, что основные бенефициары нынешней кривой налоговой системы – это банки и экспортеры природного сырья, которые получают возврат НДС или вовсе освобождены от его уплаты, следовательно, выравнивание их налоговой нагрузки должно происходить за счет других видов налогов, прежде всего по КППН.

Если по налоговым поступлениям в прогнозе утвержден дальнейший рост по годам, то по неналоговым поступлениям, напротив, предусмотрено поэтапное снижение таких поступлений на 38 процентов.

Необходимо понимать, что наибольший удельный вес в структуре неналоговых поступлений приходится на дивиденды на государственные пакеты акций предприятий квазигосударственного сектора.

Фракция «Ақ жол» ежегодно при утверждении трехлетнего бюджета подвергает жесткой критике дивидендную политику квазигосударственного сектора. Согласно дивидендной политике даже самого фонда «Самрук-Казына» размер ежегодно направляемых в бюджет дивидендов должен составлять не менее 50 процентов от прибыли системообразующих компаний. Однако даже это требование не выполняется.

Еще в 2020 году Президентом Токаевым давалось поручение направить в бюджет 100 процентов чистых доходов национальной компании, однако по факту фонд тогда выплатил лишь 12 процентов от чистого дохода. В текущем году сумма дивидендов государству опять-таки составляет лишь 10 процентов от чистого дохода сектора. Такой же уровень заложен на все последующие годы обсуждаемого бюджета.

Считаю нужным напомнить, что квазигоссектор составляет до 60 процентов нашей экономики. Поэтому без его доходов Парламент (вот мы с вами сидим, обсуждаем) видит лишь около половины реальных финансовых потоков, которые формируются за счет государства. Остальными суммами Правительство и национальные компании распоряжаются по своему усмотрению вне стен Парламента и вне бюджетных процедур. Ну и где же тогда подотчетное Правительство?!

Такая бесконтрольность квазигоссектора имеет и дополнительный негативный результат в виде неконкурентного давления на частное предпринимательство, которое физически неспособно конкурировать с государственными компаниями, их административными и незначительными финансовыми ресурсами.

В результате квазигоссектор искусственно сдерживает развитие частной экономики и бизнеса, создает препоны в раскрытии потенциала конкурентного бизнес-сообщества.

Фактически в стране сформировалась государственно-монополистическая экономика. И если говорить о справедливом Казахстане, то нужно начинать с сокращения вмешательства государства в рыночные отношения и сокращения объемов квазигоссектора.

Тем более парадоксально, что, имея в руках нераспределенные ресурсы квазигоссектора, госорганы с каждым годом все глубже погружаются в долговые обязательства.

Так, в целях покрытия дефицита бюджета и на погашение ранее привлеченных займов планируется осуществить дополнительные заимствования в следующем году на сумму 5,7 триллиона тенге, в том числе за счет внешних долгов. Но и без того внешний долг Казахстана в текущем году вырос до 164 миллиардов долларов США.

В рассматриваемом бюджете наблюдается рост государственного долга до 27,6 процента к ВВП в этом году и 29,4 процента в следующем году. Нагрузка на погашение и обслуживание правительственного долга с учетом негосударственных займов по

госгарантии по отношению к доходам бюджета только возрастает и значительно превышает допустимые лимиты.

При этом, по оценке Счетного комитета, причиной увеличения долга Правительства являются неэффективное планирование и освоение займов, недостаточная проработка рисков и влияния на экономику инструментов заимствования.

Подтверждением этому служит неоднократное продление внешних займов Международного Банка Реконструкции и Развития по развитию автомобильных дорог «Восток – Запад», «Западная Европа – Западный Китай». Период реализации по этим займам был установлен на 2013 – 2023 годы, но реальное освоение началось только в 2019 году, по итогам 2021 года освоено всего лишь около 22 процентов. Новый срок реализации продлен на четыре года.

При этом нужно учитывать, что Казахстан оплачивает не только использованные суммы займа, но и ежегодную комиссию за резервирование в размере 0,25 процента от всей суммы, значит, за четыре года продления дополнительная комиссия составляет более 10 миллионов долларов США, переплаченных из кармана налогоплательщиков только из-за нерасторопности наших чиновников.

И речь не только об одном этом проекте. Как показывают данные Счетного комитета, 11 внешних займов реализуются с неоднократными продлениями сроков, еще 7 займов были зарезервированы, а затем вовсе аннулированы с необоснованными потерями народных денег.

В этой связи напомним слова Маргарет Тэтчер: «Нет никаких государственных денег, есть деньги налогоплательщиков». Кто будет отвечать за эти 10 миллионов?

Фракция Демократической партии «Ақ жол» выражает надежду, что принятые, наконец, недавно изменения в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях, предусматривающие персональную ответственность за неосвоение государственного внешнего займа в установленные сроки, начнут уже применяться на практике и сломают указанные случаи.

В этой связи фракция «Ақ жол» предлагает провести парламентские слушания по вопросам внешнего долга.

О расходной части бюджета.

В целом мы поддерживаем увеличение социальных расходов государства, связанных с выравниванием доходов уязвимых групп населения. В то же время, несмотря на планируемое снижение трансфертов из Национального фонда, ожидается несоблюдение ковенантов по неснижаемому остатку Национального фонда в 30 процентов к ВВП и по уровню ненефтяного дефицита.

В Послании народу Казахстана согласно поручению Президента трансферты из Национального фонда должны быть направлены исключительно на развитие критической инфраструктуры и проекты общестранового значения. Тем не менее некоторые крупные затраты вызывают вопросы.

Так, в 2023 году запланирован целевой трансферт в размере 183 миллиарда тенге на выплату компенсаций по депозитам физических лиц, размещенных в банках второго уровня. Эта мера важная, нужная, защищающая граждан с минимальными и небольшими накоплениями. Но сопутствующей целью данного решения является сохранение тенговой

ликвидности банков. Следовательно, ее целесообразнее было бы проводить с привлечением средств не только Национального фонда, но и самих банков. Сколько еще их будет спасать государство, а банкиры потом из этих денег выписывать себе миллиарды незаработанных дивидендов?!

В свете последних поручений по Программе «Национальный фонд – детям» крайне важно пересмотреть использование средств Национального фонда на реализацию текущих мероприятий.

Фракция «Ақ жол» обращает внимание, что в структуре расходов бюджета опять наблюдается снижение инвестиций и мер поддержки в реальный сектор экономики.

Если на 2022 год на эти цели было предусмотрено 2,7 триллиона тенге или 14 процентов от общих расходов, то на следующий год объем снижается почти вдвое – до 1,6 триллиона тенге или до 7,9 процента к общей структуре расходов. В 2-2,5 раза снижается поддержка промышленности и сельского хозяйства, но даже эти средства акиматы на местах нередко перенаправляют на латание социальных дыр. А предложение депутатов закрепить выделенные средства за соответствующими секторами экономики, прежде всего за сельским хозяйством, не было поддержано.

Получается, Правительство намерено все больше финансировать безвозвратные траты, тогда как инвестиции, которые воспроизводили бы и расширяли доходы бюджета, напротив, сокращаются. Это называется – тратить не только больше, чем зарабатываешь в данный момент, но даже больше, чем планируешь зарабатывать в будущем.

Уважаемые коллеги, фракция «Ақ жол» принимает предложенный бюджет, исходя из увеличения финансирования социальных программ, инициированных Президентом, для роста качества жизни, более справедливого распределения национального дохода между всеми слоями общества. Как мы видим, это процесс крайне сложный и даже болезненный, и здесь нам нужно поддержать общее направление бюджета.

В то же время снова и снова обращаем внимание Правительства на указанные пробелы в управлении народными деньгами.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қоңыров Айқын Ойратұлына беріледі.

ҚОҢЫРОВ А.О. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Уважаемые коллеги и приглашенные! Фракция Народной партии Казахстана понимает, что проект республиканского бюджета сформирован с учетом сложных макроэкономических условий, предусматривает выполнение всех социальных обязательств и исполнение установок Послания Главы государства народу Казахстана, в то же время не разделяет оптимизма Правительства и Национального Банка.

В очередной раз отмечаем легковесное отношение к прогнозированию инфляции, как к формальной процедуре.

Рост потребительских цен, особенно на продовольствие, становится ключевым показателем, который обесценивает социальную составляющую бюджета, включая затраты на повышение заработных плат и пособий. Фактически ускоренная инфляция

приводит к перенаправлению бюджетных выплат от населения к поставщикам импортных товаров и услуг.

Указываем Правительству на следующие системные вопросы и проблемы, которые не решаются долгие годы.

Первое – недостаточный рост основных социальных показателей. Бюджет – это не только финансовый план, но и документ, определяющий основные социальные показатели страны. Проектом бюджета на 2023 год минимальный размер заработной платы сохраняется на уровне 2022 года, прожиточный минимум увеличивается всего на 8,5 процента, минимальная пенсия – на 10,5 процента.

Отмечаем, что годовая инфляция уже превысила 17 процентов. Планируемое повышение социальных показателей явно не компенсирует рост цен.

Народная партия Казахстана неоднократно поднимала проблему заниженных, не отвечающих объективным жизненным потребностям населения базовых критериев.

На предлагаемые размеры минимальной зарплаты, прожиточного минимума и минимальной пенсии прожить физически невозможно. Считаем, что с учетом инфляции они должны быть увеличены минимум в два раза.

Второе – завышенный прогноз по доходам. Министерство финансов прогнозирует дополнительные доходы в 2023 году за счет улучшения цифровизации, налогового и таможенного администрирования в общей сумме 812 миллиардов тенге. Однако по итогам аудита Счетного комитета в 2021 году были подтверждены лишь 55 процентов аналогичных дополнительных поступлений. То есть риски, что бюджет не досчитается 400 миллиардов тенге, налицо.

Третье – растущий дефицит бюджета. В 2023 году дефицит республиканского бюджета прогнозируется в размере 3,2 триллиона тенге или 2,7 процента ВВП. Дефицит будет опять возмещаться за счет новых заимствований, соответственно, будут увеличиваться расходы на обслуживание долга. В 2023 году эти расходы Правительства вырастут до 500 миллиардов тенге, что равнозначно расходам Национального проекта «Комфортная школа».

В целом на обслуживание госдолга тратится 1,8 триллиона тенге или 8,4 процента всех бюджетных расходов.

Четвертое – высокая уязвимость бюджета. Сохраняется высокая зависимость бюджета от Национального фонда. Трансферты из Национального фонда составляют 3,2 триллиона тенге. Сбережения будущих поколений тратятся не на развитие, а на текущие мероприятия. 2,2 триллиона тенге – это гарантированный трансферт.

Национальный фонд – не бездонная бочка. Несмотря на рекордные нефтяные доходы, его накопления уже приблизились к уровню неснижаемого остатка в 30 процентов к ВВП.

С участием миссии Международного валютного фонда был подготовлен Отчет о бюджетных рисках и долгосрочной устойчивости государственных финансов до 2050 года.

В отчете в качестве одного из сценариев определено снижение цены на нефть на 40 процентов. Что тогда будет с бюджетом нашей страны?

В целом по параметрам бюджета мы не видим конкретного плана Правительства по повышению несырьевых доходов бюджета. Собираемость налоговых поступлений не увеличивается и сохраняется на уровне 11 процентов ВВП.

Основная ставка по-прежнему делается на Национальный фонд и увеличение дефицита бюджета.

Пятое – падение бюджетных инвестиций в реальный сектор и критическую инфраструктуру. Несмотря на общее увеличение расходов, существенно сокращаются расходы на реальный сектор экономики: с 3,4 триллиона в 2022 году до 2,1 триллиона тенге в 2023 году. Падение составило почти 40 процентов.

Эти расходы включают в себя развитие АПК, обрабатывающей промышленности, транспортной инфраструктуры, газификацию.

Мы говорим о диверсификации экономики, развитии несырьевых секторов, но при этом сокращаем финансирование критически важных отраслей и инфраструктуры.

Шестое – неработающая система обязательного социального медицинского страхования.

Несмотря на введение ОСМС в 2017 году, государство продолжает финансировать основные расходы на медицину.

В бюджете 2023 года на гарантированный объем бесплатной медицинской помощи предусмотрено 1,5 триллиона тенге, на уплату взносов государства в ФСМС еще 400 миллиардов тенге. И даже при таких огромных расходах вне системы ОСМС остается более 3 миллионов наших граждан. Стоит признать, что система ОСМС провалилась. Следует сделать работу над ошибками и вернуться полностью к государственной бесплатной медицине.

Фракция Народной партии Казахстана призывает Правительство учесть наши замечания, использовать благоприятную для Казахстана макроэкономическую ситуацию с ценами на сырье и определить основополагающими направлениями модернизацию промышленности, диверсификацию путей транзита и экспорта и формирование новой модели экономического роста.

Считаем возможным одобрить законопроект. Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Келесі сөз депутат Саиров Ерлан Биаметұлына беріледі.

САИРОВ Е.Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мен бюджеттің жобасын қолдаймын. Бюджеттің бағыт-бағдары елімізде әлеуметтік әділеттілік пен қоғамдық бірлікті қалыптастыруға бағытталған. Бюджеттің «әттеген-айлары» да бар, солардың ең бастысы – бюджетті талқылау процесіндегі процедуралар.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» концепциясын ұсынды. Ал бүгін Мәжіліс пен Үкіметтің арасында осы принцип іске асып жатыр ма? Мысалы, Үкімет Мәжіліске бюджеттің жобасын қабылдаудан екі ай бұрын алып келеді. Министрлер, орынбасарлар болар-болмас

екі айдың ішінде асығыс-үсігіс депутаттарға бюджеттің логикасын түсіндірген болады, бюджет суыт қабылданады.

Бізге бюджет процесін арсын-күрсін емес, парасатпен, ақыл-оймен, терең есеппен іске асыру мәдениет қалыптастыру қажет. Әйтпесе «есеп беретін Үкімет» емес, «асығыс Үкімет» тәрізді.

Депутатов особо волнует тенденция повышения дефицита бюджета. В следующем году дефицит составит 2,9 триллиона тенге. Для покрытия дефицита, как уже сказано, Правительство берет трансферты из Национального фонда и делает внешнее заимствование.

Макроэкономические параметры Правительства должны отвечать главному принципу – высокой ответственности за финансовое благополучие наших детей и внуков. Мы не должны жить за счет будущих поколений.

Келесі мәселе. «АМАНАТ» партиясының фракциясы ауыл-аймақтағы, алыс өңірлердегі ағайынның тұрмыс-тіршілігін жеңілдетіп, әл-ауқатын арттыру мақсатында қадамдар жасауда. Фракция мүшелері бюджет аясында 37 ауылдық мекенді сумен қамтудың қосымша қаржылық көздерін тапты. Біздің баршамыз шалғай ауылдарда тұрып, мемлекетіміздің территориялық тұтастығы мен мызғымастығын қамтамасыз етіп отырған ауыл тұрғындарының алдында бас июіміз қажет. Мына аумалы-төкпелі заманда Қазақстан территориясының тұтастығының кепілі – сол жерде тұратын халық. Сондықтан ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатысы болғандықтан «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасына берілген тапсырыстар толық қанағаттандырылуы тиіс. Мысалы, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшелері «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 23 білім және денсаулық объектілерін күрделі жөндеуге, 18 ауылдық клуб салуға, 43 инженерлік инфрақұрылымды қалыпқа келтіруге бағытталған ұсыныстар берді. Өкінішке орай, депутаттардың ұсыныстары қолдау таппады. Үкімет ауыл халқын түсіне ме?

Келесі бюджет нақтылауында бұл мәселенің оң шешімін табуы маңызды. Заман күрделі, айналамызда тұрақсыздық доғасы қалыптастырылып келеді.

Құрметті Премьер-Министр Әлихан Асханұлы! Президент Тоқаев 2019 жылы Үкіметке Бұқтырма су қоймасына көпір салуға қаржы бөлуді тапсырған. Үш жыл өтті. Құрылыс-монтаждау жұмыстары баяу жүруде. Өйткені Үкімет қаржыны сыздықтатып беріп отыр. Мына қарқынмен Бұқтырма көпірі елу жыл салынады. Үкімет жұмысты шапшаңдату аяларын жасамаса Президенттің тапсырмасының орындалуы екіталай. Осы мәселеде депутаттармен бірігіп құрылысты шапшаңдату тетігін жасау өте маңызды.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін аймақтық инфрақұрылым жөнінде етек-жеңімізді жиып алуымыз қажет. «Сақтансаң – сақтаймын» дейді.

Аталған мәселелер бойынша біз Үкіметпен тығыз жұмыс істеуге дайынбыз. Бюджеттің жобасын қолдаймын және әріптестерімді қолдауға шақырамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысқан басқа депутаттар жоқ. Талқылау барысында осы заң жобасын мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 98, «жақтағандар» – 98. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 97, «жақтағандар» – 97. Шешім қабылданды.

Құрметті әріптестер, біз жаңа ғана келесі жылға арналған негізгі қаржылық құжатты қабылдадық. Заң жобасы аясында Үкіметпен және мемлекеттік органдармен бірлесіп ауқымды жұмыс атқарылды.

Республикалық бюджет жобасы мемлекеттің барлық әлеуметтік міндеттемелерін орындауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ елдің даму мақсаттарына да сай келеді, күрделі геосаяси жағдайлар да осы жерде ескерілген.

Президент тапсырмаларын орындауға бұл бюджет жобасында ерекше мән беріліп отыр. Мемлекет басшысының жаңа әлеуметтік бастамаларына үш жылға 1 триллионға жуық теңге бөлінуде.

Сондай-ақ біз өңірлерге барған кездегі сайлаушылардың көтерген проблемалық мәселелері де барынша осы бюджет жобасында ескеріліп отыр.

Сонымен қатар жаңа депутаттар қойған сұрақтарында, сөйлеген сөздерінде бірқатар сын-ескертпелер айтты. Әлихан Асханұлы, құрметті Үкімет мүшелері, соның барлығын назарға алып, тиісті қорытынды жасау керек. Ендігі кезекте бөлінген қаражаттың тиімді игерілуі депутаттар мен Үкімет мүшелерінің ортақ міндеті. Осы тұста Үкімет депутаттық корпуспен бірлесіп тиімді әрі нәтижелі жұмыс атқарады деп сенемін. Рақмет.

Сөз Премьер-Министрге беріледі.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Биыл келесі үш жылдыққа арналған бюджетті біз күрделі макроэкономикалық жағдайда қалыптастырып отырмыз. Дегенмен біз келесі жылға республикалық бюджеттің өз кірістерін едеуір, яғни 3 триллионнан астам теңгеге ұлғайтып отырмыз. Ұлттық қордан тартылатын трансферттерді 1,4 триллион теңгеге азайтып отырмыз. Бюджеттің тапшылығын, яғни дефицитін 3,3 пайыздан 2,7 пайызға дейін айтарлықтай төмендетіп отырмыз. Жалпы, бюджет теңгерімді болып қалыптастырылды.

Сондықтан мен осы бюджетті қарастыру кезінде, талқылау кезінде және қабылдау кезінде көрсеткен белсенділігі үшін барлық депутаттарға алғысымды айтқым келеді. Және сіздердің айтқан ұсыныстарыңызды біз өз жұмысымызда ескеретін боламыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Әлихан Асханұлы. Жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз! Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, келесі мәселе «Рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Сөз Заңнама және сот-құқықтық комитетінің мүшесі депутат Бижанова Гүлнар Қадіржанқызына беріледі.

БИЖАНОВА Г.Қ. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Мемлекет басшысы қыркүйек айындағы Жолдауында қоғамды біртұтас ұлт ретінде адамгершілік танытуға, қаңтар трагедиясынан сабақ алып, оның қайталануына жол бермеуге шақырды.

Қаңтарда болған оқиға Қазақстанның жаңа тарихындағы қайғылы оқиға екені сөзсіз. Мемлекеттің тәуелсіздігі мен тұтастығына, қоғамдық қауіпсіздікке шынымен де қатер төнді. Санаулы күндер ішінде біз миллиондаған қазақстандықтардың еңбегімен ондаған жылдар бойы жеткен барлық жетістіктерден айырылып қалуымыз мүмкін еді. Алайда біздің Президентіміздің, халқымыздың батылдығы, әскери, құқықтық тәртіп органдарының ерлігі мен кәсіби іс-әрекеттері ғана қысқа мерзімде жағдайды өзгертті.

Құрметті әріптестер! Біздің көпшілігіміз қаңтар, ақпан айларында тергеу изоляторларына барып, ұсталғандармен кездесіп, тергеу мен ұсталғандардың туыстары, қоғам белсенділері арасында кері байланыс ұйымдастырдық. Біз соның ішіндегі жастардың негізгі бөлігі қылмыскерлердің, тәртіпсіздіктерді ұйымдастырушылардың қолшоқпары болғанына көз жеткізе алдық. Олар қатты өкініп, өз кінәсін мойындады.

Айта кету керек, алғашқы күндерден бастап Президентіміз осы қайғылы оқиғаларды ұйымдастырушылардың айтқанына еріп, тура жолдан тайғандарға аяушылық танытуға шақырды.

Мемлекет ауыр қылмыс жасамаған қатысушылар үшін жазаны жеңілдетті. Бүгінгі таңда 1060 адам сотталды, олардың тек 106-сы нақты бас бостандығынан айырылды.

Қаңтар айында зардап шеккендерге залал өтеліп жатыр, әлеуметтік, қаржылық және өзге де көмек көрсетілуде. Бұл жұмысқа «Қазақстан халқына» қоры да қатысуда.

Ел Президенті шалыс басқан адамдар үшін ұсынған екінші мүмкіндік – ең жоғары құндылық – адам бостандығы мен оның таптырмасын түсінуге бірігу үшін қоғамға тікелей жолдау болып табылады.

Біз, Парламент депутаттары, үндеуді қолдап, конституциялық өкілеттіктерге сүйене отырып, осы заң жобасымен құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасаған қаңтар оқиғаларына қатысушыларға қатысты рақымшылық жасау туралы Мемлекет басшысының бастамасын іске асыруды ұсынамыз.

Заң жобасының негізгі ережелеріне тоқталайын.

Бірінші. Рақымшылыққа іліккен азаматтар тобы анықталды. Ол үшін нақты уақыт аралығы белгіленді. Бұл 4 пен 7 қаңтар аралығы болып табылады. Бұл кезең басқа қылмыстардың осы заңға жатқызылмауы үшін жаппай тәртіпсіздіктермен байланыстырылды.

Екінші. Қылмыстық кодекстің әрбір адам бойынша нақты баптарын көрсете отырып осы оқиғалар бойынша барлық істерге талдау жасалды.

Үшінші. Жоба қылмыстық теріс қылықтар мен ауырлығы аз орташа қылмыстар үшін жазадан босатуды көздейді. Мұндай қылмыстар үшін жазасын өтеген адамдардан соттылығы алынады.

Ауыр және аса ауыр қылмыстар жасағандарға мерзімдерді қысқарту көзделген. Ауыр қылмыстар үшін сот тағайындаған мерзімнің төрттен үш бөлігі, ал аса ауыр қылмыстар үшін мерзімнің жартысы қысқарады.

Бұл ретте, егер сотталған адамға заң қолданысқа енгізілген күніне бір жылдан аспайтын мерзімі қалса, бұл жаза оның өтелмеген бүкіл мерзіміне қысқартылады.

Төртінші. Босатылатын адамдарды бейәлеуметтендіру көзделеді. Бұл – жұмысқа орналастыру, медициналық көмек көрсету, құжаттарды ресімдеу және тағы басқа. Тұрғын үйі жоқ адамдар үшін өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға арналған орталықтар қарастырылады.

Бесінші. Террористер, экстремистер, рецидивистер, тәртіпсіздіктерді ұйымдастырушылар және азаптаулар жасаған адамдарға рақымшылық жасалмайды. Бұл туралы Президент нақты айтқан болатын.

Алдын ала жасалған есептеу бойынша осы кезеңде рақымшылық 1,5 мыңға жуық адамға жасалады.

Заң жобасын іске асыру қосымша қаржылық шығындарды қажет етпейді және теріс экономикалық, әлеуметтік және құқықтық салдарға әкеп соқпайды.

Заң жобасына Үкімет оң қорытынды ұсынды, ғылыми-құқықтық, лингвистикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамалар бар. Барлық комитеттер оң қорытындыларын берді.

Заң жобасы ұжымдық еңбек болып табылады, оны әзірлеуге ғылым саласының өкілдері, азаматтық сарапшылар, адвокатура өкілдері тартылды.

Мемлекеттік органдардың, судьялардың, әсіресе Бас прокуратураның заң жобасын әзірлеуге қосқан үлесін ерекше атап өткім келеді.

Құрметті әріптестер, өткенге көз жүгіртіп, бәріміз сабақ алудамыз. Адам құқықтары саласындағы гуманизмнің көрінісі – бұл жаңа Қазақстанға барар жолдағы нақты қадамдарды айқын көрсететін әлемдік маңызы бар прецедент.

Жаңа Қазақстанды құрудағы шешуші шаралармен қатар бұл барша қазақстандықтарды біртұтас салауатты қоғам, жоғары адами құндылықтарды бекітуге ұмтылған біртұтас ұлт ретінде сипаттайды.

Қаралып отырған заң жобасын қолдап, мақұлдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Құрметті әріптестер, енді сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Елюбаев Мәди Сағынтайұлы.

ЕЛЮБАЕВ М.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мен бұл заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді де қолдауға шақырамын. Менің сұрағым Жоғарғы Сот өкіліне арналады.

Қылмыстық құқықта «қылмыстар жиынтығы» деген ұғым бар. Егер адам бірнеше және әртүрлі қылмыстар жасаса, онда сот алдымен олардың әрқайсысы бойынша мерзім тағайындайды, содан кейін бәрін қамту немесе қосу арқылы жалпы мерзім тағайындайды.

Заң жобасында Қылмыстық кодекстің рақымшылық жасау қолданылатын баптары нақты көрсетілген, мысалы, адам әртүрлі қылмыстар жасаған жағдайда және олардың біреуі рақымшылық жасауға жататын қылмыс, ал екіншісі рақымшылық жасауға жатпайтын қылмыс болған кезде. Мұндай жағдайда мерзім қылмыстардың жиынтығы бойынша тағайындалатынын ескерсек, мұндай адамға рақымшылық жасала ма және жазаның мерзімі қалай есептеледі?

ӘМІР Д.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! «Бұл ән бұрынғы әннен өзгеше» демекші, бұл рақымшылық заңының бұған дейінгі қабылданған рақымшылық заңдардан өзгешелеу болып тұр.

Өздеріңізге белгілі, егемендік алған отыз жылдан астам уақытта бірнеше рақымшылық заңдары қабылданды. Осы заңдарды қабылдау кезінде ережелер де нақты көрсетілетін еді.

Жаңағы сұраққа байланысты айтатын болсақ, егер бір азамат бірнеше қылмыс жасап, оның біреуі, болмаса бірнешеуі рақымшылыққа жатып, қалғаны жатпайтын болса, онда бұған дейінгі сот практикасында бұл азаматқа рақымшылық заңын қолданған жоқпыз. Енді бүгінгі заң ерекше рақымшылық заңы болып отырғаннан кейін, біздің ойымызша, істеген қылмыстық әрекеті қай баппен рақымшылық жасауға келеді, сол баппен қолданамыз.

Енді қылмыстың жиынтығы бойынша жаза қалай тағайындалады дегенге келсек, әрбір қылмыстық іс-әрекет белгілі бір баппен дәрежеленеді де оған жаза тағайындалады. Содан кейін 58-баптың 2 немесе 3-тармағын пайдалана отырып жаза тағайындаймыз.

Осы заң күшіне енгеннен кейін рақымшылық заңын бірінші сатыдағы соты қабылдайтын болса, онда рақымшылық заңына жататын бап бойынша іс қысқартылып, жазадан босатылады. Одан кейін қалған бір ғана бап болса, сол баппен жаза тағайындалады. Егер бүгінгі күнге дейін ол азамат сотталып кетсе, апелляциялық алқаға келген кезде белгілі бір баппен бойынша оған рақымшылық жасап, жауапкершіліктен босатылатын болса, болмаса жаза азайтылатын болса, онда біз апелляциялық алқада бұл заңды қолданамыз. Егер 58-бап қолданылатын болса, онда 58-бапты алып тастаймыз да рақымшылыққа жатпайтын бап бойынша тағайындалған жазасы қалдырылады.

ТӨРАҒА. Біз бұл жерге ән салуға емес, заң мен бапты талқылауға жиналып отырмыз.

Депутат Авершин Константин Викторович.

АВЕРШИН К.В. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

У меня вопрос к докладчику.

Уважаемая Гульнара Кадиржановна! В январских событиях из-за неправомерных действий участников беспорядков пострадали многие объекты бизнеса.

В связи с этим у меня два вопроса:

1. Будет ли применяться амнистия к лицам, которые ущерб не возместили?
2. Есть ли какая-то точная информация об общей сумме причиненного ущерба?

Рақмет.

БИЖАНОВА Г.Қ. Рақмет, құрметті Константин Викторович.

Я предложила бы прежде всего учитывать следующие обстоятельства. Освобождение по амнистии – это не есть реабилитирующие основания для освобождения. Применение амнистии в данном законопроекте предусмотрено независимо от наличия или отсутствия ущерба, но применение амнистии не освобождает от ответственности по

возмещению ущерба, соответственно, ничего не может быть препятствием для предъявления потерпевшей стороной к освобождаемому лицу иска о возмещении ущерба.

Более того, применению амнистии должно предшествовать признание виновным лицом и вины, и ущерба.

Здесь дело в другом. Дело в том, что наше государство с февраля уже возмещает ущерб предпринимателям, малому и среднему бизнесу. Мы вчера рассматривали поправки по Налоговому кодексу, даже у крупного бизнеса в течение двух лет будут относиться на вычеты расходы, которые будут ими затрачены на возмещение ущерба, причиненного январскими событиями.

По данным Национальной палаты предпринимателей «Атамекен», общий ущерб бизнесу составляет 94,5 миллиарда тенге. Он сегодня имеет свое положительное разрешение по всем заявкам. Региональные комиссии утвердили практически все заявки. Возмещение ущерба происходит из трех источников – резерв Правительства, местные бюджеты, частные фонды.

Так что сейчас вопросов не остается. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Сүлейменова Жұлдыз Досбергенқызы.

СҮЛЕЙМЕНОВА Ж.Д. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің Ішкі істер министрлігінің өкіліне сұрағым бар.

Заң жобасында атқарушы органдарға мекемелерден босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру жөнінде шаралар қабылдау, оларға әлеуметтік көмек көрсету, осылайша олардың қоғамға қайта оралуына жәрдемдесу жүктеліп отыр.

Осы ретте жұмысқа орналасу бойынша нақты қандай шаралар қабылданатын болады, жалпы, іс-қимыл алгоритмі бар ма?

Сонымен қатар заң жобасының 3-бабының 6-тармағында өзге де көмек туралы айтылған. Бұл қандай көмектің түрлері екендігін тарқатып айтып беруіңізді сұраймын. Рақмет.

СӨНТАЕВ Қ.И. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті Жұлдыз Досбергенқызы! Қылмыстық атқару заңнамасына сәйкес мекеме әкімшілігі алдын ала жергілікті атқарушы органдарын оның алдағы уақытта босатылатыны туралы хабардар етеді. Әкімдіктер бұрынғы сотталғандарға жыл сайын бөлінетін квоталар шеңберінде босатылған адамдарды еңбекпен қамтуды, «e.bilimal» бойынша қосымша білім алуын, сондай-ақ кәсіпкерлік негіздерін оқытуды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды.

Еңбекпен қамтудан бөлек, егер қажет болса, босатылған адамдарға емделуге және құқықтық көмек алуға жәрдем беріледі.

Кроме того, администрация нашего учреждения разработала специальную памятку на каждого осужденного, где отработан каждый шаг, каждый алгоритм.

Жергілікті органдармен, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен, Денсаулық министрлігімен бірге ол мәселеге біз дайынбыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Елеуов Ғалымжан Алмасбекұлына беріледі.

ЕЛЕУОВ Ғ.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Бас Прокурордың орынбасарына арналады.

Құрметті Әсет Қазақбайұлы! Мен бұл заң жобасын қабылдау қоғам үшін маңызды деп санаймын және оны толығымен қолдаймын.

Сізге сұрағым бар. Босатылатын адамға рақымшылық жасаудың қандай құқықтық салдары бар?

Өзіңіз білетіндей, рақымшылыққа жататындардың көпшілігі жастар. Соттау мен рақымшылық жасау оның туыстарының, жақындарының құқықтарына әсер ете ме?

ШЫНДАЛИЕВ Ә.Қ. Сұрағыңызға рақмет.

Өте күрделі сұрақ көтеріп отырсыз, ол қазіргі кезде көптеген адамды мазалауда. Осыған орай мен жауабымды кеңірек берсем деп ойлаймын.

Қылмыстық жауаптан босатудың екі жолы бар – ақталатын, ақталмайтын.

Ақталатын бойынша. Егер адам заңсыз қылмыстық орбитаға тартылса, яғни оның іс-әрекетінде қылмыстық құрам болмаса немесе қылмыс мүлдем орын алмаса, бұндай жағдайлар ақталатын жағдайлар деп есептеледі.

Ақталмайтын бойынша. Мысалы, қылмыс болды, бірақ заңды негізде адамды жазадан, жауаптылықтан босатады. Бұл қандай жағдайларда болады? Мысалы, жәбірленуші мен айыпты адам бір-бірімен татуласты немесе қылмысқа тарту мерзімі өтіп кеткен болса.

Рақымшылық ол да ақталмайтын негіздерге жатады.

Енді шектеулерге келейік. Шектеу тек ақталмайтын негізде қылмыстық жауаптан босатылған адамдарға ғана қойылады.

Қаралып жатқан заң жобасында онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар бойынша соттылық алынып тасталады және оны жасаған адамдар жазадан босатылады. Бірақ бұл құқықтық салдары болмайды дегенді білдірмейді.

Рақымшылық – ол ақталмайтын негіз. Ақталмайтын негіз бойынша шектеулер қойылу мүмкін. Мысалы, «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңда мынадай талап бар: егер адам ақталмайтын негіздермен жауаптан босатылса, онда ол адамды мемлекеттік қызметке алуға тыйым салынады.

Бұл шектеулер тек қана қылмыс жасаған адамдарға қойылады. Олардың балаларына, жақын-туыстарына, жұбайларына ешқандай құқықтық салдар туындамайды. Конституция бойынша, заңдар бойынша әр адам өзі үшін жауап береді, яғни баласы жасаған қылмысы үшін әкесіне немесе әкесі жасаған қылмысы үшін баласына шектеу қоюға болмайды. Ондайға жол берілмейді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы, рақмет.

Депутат Платонов Артур Станиславович.

ПЛАТОНОВ А.С. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Мой вопрос также к представителю Генеральной прокуратуры.

Пункт 5 статьи 3 законопроекта обязывает суд, органы следствия и исполнения наказаний принимать меры по амнистии в течение полугода после введения в действие. Как поступят с теми, кто будет задержан по фактам правонарушений или преступлений после истечения этого срока? Например, у следствия появятся новые данные, обнаружится схрон оружия, которое до сих пор не в полном объеме изъято, что угрожает безопасности граждан, или определятся лица, за этим стоящие, вскроется цепочка иных преступлений.

Не возникнет ли проблем у тех, в отношении кого государство проявило акт гуманизма, уже после амнистии?

ШЫНДАЛИЕВ Ә.Қ. Спасибо за вопросы.

Что касается шестимесячного срока. Этот срок предусмотрен только для принятия организационных мер по реализации законов. Этот срок никак не ограничивает срок действия самого закона, то есть применение амнистии. Амнистия может быть применена и дальше по истечении шести месяцев, если в этом возникла необходимость. Если по истечении шести месяцев мы установим лицо, которое совершило в указанный в законе период правонарушение и подпадает под амнистию, мы можем применить к нему амнистию.

Вы подняли хороший вопрос по оружию. Ерлан Жаканович, если разрешите, я хотел бы дать разъяснение.

Действительно, Вы правы, часть оружия все еще не изъята. В действующем законодательстве есть норма закона: если лицо добровольно сдаст незаконно хранящееся у него оружие, то оно освобождается от уголовной ответственности.

Поэтому я, пользуясь тем, что это мероприятие освещается СМИ, хотел бы обратиться ко всем гражданам: если у вас есть незаконно хранящееся оружие, вам следует сдать его в полицию, это будет сделано в ваших же интересах. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Жаңбыршин Еділ Терекбайұлы.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Бас прокуратураның өкіліне.

Осы заң жобасының «Рақымшылық жасау қолданылатын адамдар» деген 1-бабында Қылмыстық кодекстің баптары бойынша рақымшылық жасау қарастырылған. Атап айтсақ, қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде адам өлтіру, қылмыс жасаған адамды ұстап алу үшін қажетті шаралар шегінен шығу кезінде қылмыс жасаған адамды өлтіру, абайсызда қазаға ұшырату немесе денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, тіпті қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде, қылмыс жасап жатқан адамды ұстап алу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру дейтін мәселелер қарастырылған.

Бұл енді бір жағынан құқық қорғау органдарына қатысты. Өткенде депутаттық сауалға байланысты осы жерде Бас прокуратураның басшысын, басқа да құқық қорғау органдарының басшыларын шақырып тыңдаған кезде белгілі болды, жүзге жуық адамға сондай іс қозғалған, тіпті ішінде біздің азаматтарды қорлап-зорлаған адамдар болған. Енді

солардың бәріне рақымшылық жасаймыз ба? Ол гумандық жағынан қалай болады? Бұл прецедент ертең біздің құқық қорғау органдары үшін қалай болады? Құдай сақтасын, айтқан жерден аулақ, осындай жағдайлар тағы болып жатса, олар сонда ойланбастан өлтіре бере ме? Олар бізге ертең рақымшылық болады деп осындай әрекеттерге барып жүрмей ме? Соған жауап беріңізші.

ШЫНДАЛИЕВ Ә.Қ. Сұрағыңызға рақмет. Дұрыс көтеріп жатырсыз.

Сіз айтып жатқан бапта көбінесе абайсыздықтан жасалған қылмыстар көрсетілген, ол жерде қасақана жасаған қылмыстар жоқ. Қасақана жасалған қылмыстар, мысалы, өлтіру, азаптау, билікті асыра пайдаланып жасаған қылмыстар, өзіңіз көргендей, бұл заң жобасында жоқ. Қаңтар оқиғасы кезінде қандай жағдай болғанын өзіңіз білесіз. Ол кезде жаппай тәртіпсіздік болып, жекеменшік мүлікті бұзған, жаққан, ұрлаған. Сол кезде біздің құқық қорғау қызметкерлер оны тоқтатуға арнайы іс-шара қолданған. Айтып кету керек, басталғанда біздің қызметкерлердің қолында тіпті бірде-бір қару болмаған. Денсаулыққа зиян келтіру деп айттыңыз. 5 мың адамның денсаулығына зиян келгені тіркелген. Оның 4 мыңы полиция қызметкерлері мен әскери қызметкерлер, 1 мыңы қарапайым адамдар.

Бұл баптағы рақымшылық құқық қорғау органдарына емес, қарапайым адамдарға қолданылатын болады. Біз 380-бапты да рақымшылыққа жатқызып жатырмыз. Құқық қорғау қызметкерлерінің денсаулығына зиян келтіргендерге барынша рақымшылық көрсетіп, гуманизм актісін қолдану үшін арнайы бапты да осында қосып жатырмыз. Жаңа Гүлнар Қадіржанқызы да айтты, рақымшылық ол ақтау негізі емес. Адам ақталмайды, адам кінәлі болып танылса, қылмысының ауырлығы орташа қылмыс болса, ол кезде қылмыстық іс қысқартылады, ал ауыр, аса ауыр қылмыс болса, ол іс сотқа жіберіледі, сот қарайды, сот оған жаза тағайындайды. Ол жазасыз қалмайды. Ондай болмайды.

ТӨРАҒА. Әсет Қазақбайұлы, менің ойымша, сұрақ басқашалау болды ғой, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне байланысты. Қоғамда да осы сұрақтар көтеріліп жатыр. Соған нақты жауап беріңізші. Сондай қылмыс жасағандар босатыла ма, босатылмай ма? Бір-ақ сұрақ қой. Осыны әркім әр жаққа тартып жатыр. Осыған қазір жауап беруге мүмкіндік бар.

ШЫНДАЛИЕВ Ә.Қ. Қазіргі таңда құқық қорғау саласындағы 49 адам жауапкершілікке тартылуда. Мүмкін, оның біреуіне ғана бұл қолданылады. Іс әлі сотқа жіберілген жоқ.

ТӨРАҒА. Қандай баппен?

ШЫНДАЛИЕВ Ә.Қ. 432-бап, ол қылмысты жасыру бойынша. Қалғандары азаптау, билікті асыра пайдалану.

ТӨРАҒА. Қалғандарына қолданылмайды ғой?

ШЫНДАЛИЕВ Ә.Қ. Қалғандарына қолданылмайды.

ТӨРАҒА. Құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қылмыс жасады деп қылмыстық іс қозғалған. Оларға қолданылмайды. Солай ғой?

ШЫНДАЛИЕВ Ә.Қ. Оларға қолданылмайды.

ТӨРАҒА. Еділ Терекбайұлы, сіздің сұрағыңыз осы ғой?

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Иә.

ТӨРАҒА. Депутат Раманқұлов Мақсат Базаралыұлы.

РАМАНҚҰЛОВ М.Б. Рақмет.

Мой вопрос адресован Генеральной прокуратуре и касается сотрудников правоохранительных органов.

Как показывает анализ, под амнистией подпадает всего один сотрудник органов. Президент же сказал, что надо проявить гуманизм и милосердие в отношении как граждан, так и сотрудников. А что получается у нас?

Например, есть статья 362 «Превышение власти». Они же невольно были вовлечены в эти события, защищали страну. Мы не говорим за организаторов беспорядков и лиц, которые привлекаются за пытки и так далее. Но в отношении тех статей, где нет насилия и так далее, почему не применяется амнистия?

БИЖАНОВА Г.Қ. Позвольте ответить?

ТӨРАҒА. Пожалуйста.

БИЖАНОВА Г.Қ. Уважаемый Максат Базаралыевич, вопрос, который Вы поднимаете, несколько из другой плоскости. Видимо, есть недопонимание. Я думаю, что есть смысл Генеральной прокуратуре представить весь квалификационный состав по всем 49 сотрудникам, в отношении которых возбуждены уголовные дела.

Президент в своем Послании сказал, что политическому плюрализму – да, бандитизму, хулиганству, экстремизму, государственной измене и всему остальному – жесткое нет.

Когда анализировались все категории дел для определения тех составов, которые будут подпадать под амнистию, основой послужили именно слова и поручение, данное нам Главой государства. Это первое.

Второе. Об этом неоднократно говорил Глава государства. Первые руководители правоохранительных органов, когда приходили в марте, гарантировали, что по каждому случаю пыток и применения насилия со стороны сотрудников будут приняты самые жесткие меры. Речь сейчас идет о них. 49 сотрудников, которые привлечены, – это работники силового блока.

Статья 362 «Превышение полномочий», о которой Вы говорите, сопряжена с применением насилия.

Вам следует тогда, видимо, если есть такая возможность, получить допуск к материалам дел, чтобы могли убедиться, что там состав не небольшой или средней степени тяжести, а действительно очень серьезный состав, который в принципе не может подлежать амнистии. Спасибо.

ТӨРАҒА. Жақсы, рақмет.

Құрметті депутаттар, сұрақ қоямын дейтін басқа депутаттар жоқ қой?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет сізге, Гүлнар Қадіржанқызы, орныңызға отырыңыз.

Енді осы заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Заңнама және сот-құқықтық комитетінің мүшесі депутат Раззақ Нәзилә Раззақбайқызына беріледі.

РАЗЗАҚ Н.Р. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Баршаңызға белгілі, Мемлекет басшысы өзінің Жолдауында қаңтар оқиғасына қатысқан, бірақ ауыр қылмыс жасамаған азаматтардың жазасын жеңілдету туралы тапсырма берген болатын.

Осыған байланысты Парламент депутаттары өздері бастамашы болып, «Рақымшылық жасау туралы» Заң жобасын әзірледі.

Заң жобасының негізгі мақсаты – осы жылдың 4-7 қаңтар аралығында еліміздің аумағында жаппай тәртіпсіздіктерге байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағандарды қылмыстық жауаптылықтан босату және жаза мерзімдерін қысқарту. Яғни қылмыстық теріс қылықтар жасаған тәртіпсіздіктерге қатысушыларға байланысты қылмыстық істер, ауырлығы аз және орташа қылмыстар тоқтатылады. Олар бойынша сотталғандар жазадан босатылады, ал жазасын өтегендерден соттылығы алынады.

Президент дұрыс айтқандай, рақымшылық жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыруға қатысы бар адамдарға, сондай-ақ мемлекетке опасыздық жасағаны және билікті күшпен басып алуға әрекеттенгені үшін айыпталғандарға қолданылмайды.

Заң жобасы жұмыс топтарында жан-жақты қаралды.

Талқылау кезінде құқықтық кемшілікті болдырмау, заң жобасының нормаларын бір-біріне және басқа да заңнамалық актілерге сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізілді.

Мәжілістің тұрақты комитеттері оң қорытындыларын берді.

Құрметті әріптестер, заң жобасын мақұлдап, Парламент Сенатының қарауына жолдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нәзилә Раззақбайқызы.

Құрметті әріптестер, біз 2,5 сағаттан аса жұмыс істеп жатырмыз, үзіліске баратын уақыт болды. Үзіліске барамыз ба?

ОРНЫНАН. Жалғастырайық.

ТӨРАҒА. Дауысқа қоймаймыз ғой?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда жұмысымызды жалғастырамыз.

Сөз депутат Абдрахманов Сауытбек Абдрахманұлына беріледі.

АБДРАХМАНОВ С.А. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! «Адасқанның алды – жол, арты – соқпақ. Оларға жөн адамның сөзін ұқпақ», – деген еді Абай. Бұл қадам қасіретті қаңтар сынды соқпақта сүрінгендер, еңкейген еңсесін тіктесін, қателіктен сабақ алып, жөн жолға түссін деп жасалып отыр. Мемлекет басшысының «кең болған кем болмайды» деген халық даналығын ескерген, жастарымыздың келешегін көздеген шешімін халықтың қолдайтынына біз сенеміз.

Президент қыркүйек айындағы Жолдауында: «Біз адамгершілік таныта отырып, қаңтардағы қайғылы оқиғадан тиісті қорытынды жасаймыз, мұндай жағдай енді ешқашан қайталанбайды. Бұған жол бермейміз», – деп атап өтті.

Заң жобасы сол бір қатерлі өткелде қателікке бой алдырып, қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасағандарға қатысты нағыз адамгершілік көрсетуді көздейді. Қатысушылардың басым көпшілігі дүрмекке еріп, арандап қалғандар деп бағаланып отыр. Бұл жөнінде жаңа ғана осы мәселе бойынша баяндаған депутат Гүлнар Қадіржанқызы Бижанова «олар ұйымдастырушылардың қолшоқпарына айналды» деп дәл айтып өтті.

Рақымшылық өз қатесін мойындаған және қылмысы үшін кешірім сұраған адамдарға ғана жасалатынын қадап айту керек. Ол жөнінде де «признание виновного» деген сөз дәл айтылып отыр.

Арада уақыт өте келе, рақымшылық жасалғаннан кейін қаңтар оқиғаларына қатысушылардың іс-әрекетін әртүрлі пайымдайтындар шығуы, тіпті өзінің отанында ойран салып, өз елінің шаңырағын шайқалтуға шақ қалғандарды ескі режиммен күрескерлер қатарына қосуға тырысудан да тайынбайтындар табылуы мүмкін екенін ескере отырып, мұны арнайы айту маңызды.

Бүгін өте дұрыс айтылды, қылмыс ақталмайды, қылмысқа жол бергендерге рақымшылық жасалады.

Рақымшылық жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыруға қатысы бар адамдарға, мемлекетке опасыздық жасағаны және билікті күшпен басып алуға әрекеттенгені үшін айыпталғандарға қолданылмайды. Сондай-ақ лаңкестік және экстремистік қылмыс жасағандарға, рецидивистерге, жұртты азаптағандарға рақымшылық болмайды.

Депутат Еділ Жаңбыршиннің азаптау жөніндегі сұрағына түсініктеме ретінде мұны да басын ашып айту қажет.

Бұл жолғы рақымшылық бір реттік сипатқа ие. Заң жобасында рақымшылық жасауға жататын баптар келтірілген. Рақымшылық уақыт бойынша да, қолданылатын

адамдар үшін де шектеулі. Атап айтқанда, рақымшылық тек 2022 жылғы 4-7 қаңтар аралығында жасалған әрекеттерге қатысты ғана қолданылады.

Осы заң жобасын қабылдау ел үшін мемлекет тарапынан жасалатын жоғары адамгершіліктің көрінісі болып табылады.

Мен заң жобасын қолдаймын және оны әріптестерімнің де қолдауын сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Мыңбай Дархан Қамзабекұлына беріледі.

МЫҢБАЙ Д.Қ. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Ізгілік, адамгершілік, гуманизм қағидаты бүгін қаралып отырған «Рақымшылық жасау туралы» Заң жобасының заңнамалық платформасы болып табылады.

Заң жобасын Парламент депутаттары Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әзірледі және ол қаңтардағы оқиғадағы азаматтар мен мемлекеттің қауіпсіздігіне елеулі қатер төндірмейтін қылмыстар жасаған адамдарға мемлекет тарапынан ізгілік пен рақымшылдық актісі болып табылады.

Бұл заң жобасы онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін сотталған адамдарды қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатуды заң жүзінде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, жасалған іс-әрекеттің ауырлығы және істің өзге де мән-жайлары ескеріле отырып, сотталғандардың жекелеген санаттарына қатысты жаза мерзімдерін қысқарту көзделеді.

Бұл ретте, егер сотталғандардың рақымшылық жасау туралы заң қолданысқа енгізілген күнге жазасын өтеу мерзімі бір жылдан аз болса, негізгі жаза оның бүкіл өтелмеген мерзіміне қысқартылады.

Заң жобасында қауіпті, ауыр немесе аса ауыр қылмыстар, сондай-ақ мемлекетке опасыздық жасаған, жаппай тәртіпсіздіктер ұйымдастырған, террористік, сыбайлас жемқорлық және экстремистік қылмыстар жасаған адамдарға рақымшылық жасауға тыйым салынады.

Сондықтан, құрметті әріптестер, заң жобасын қолдағанымыз жөн деп есептеймін, соған сіздерді шақырамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа талқылауға қатысатын депутаттар жоқ. Талқылау барысында осы заң жобасын мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысқа дауыс берейік.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 98, «жақтағандар» – 96, «қалыс қалғандар» – 2.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 97, «дауыс бермегендер» – 1, «жақтағандар» – 93, «қалыс қалғандар» – 3. Қаулы қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Келесі мәселе «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым).

Сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі депутат Симонов Сергей Анатольевичке беріледі.

СИМОНОВ С.А. Спасибо.

Уважаемый Ерлан Жаканович! Уважаемые коллеги и приглашенные! Данный проект закона был одобрен в первом чтении на пленарном заседании Мажилиса Парламента 21 сентября текущего года.

По проекту закона проведены 12 заседаний рабочей группы и расширенные заседания Комитета по финансам и бюджету с участием заинтересованных государственных органов, Национальной палаты предпринимателей Казахстана «Атамекен» и отраслевых ассоциаций.

В целом на рассмотрение рабочей группы поступило более 300 поправок к проекту закона.

Поправки депутатов, предусматривающие сокращение поступлений государственного бюджета и требующие решения Республиканской бюджетной комиссии, были направлены в Правительство для получения заключения. Поддержанные заключением Правительства нормы были приняты комитетом и отражены в сравнительной таблице.

В рамках работы рабочей группы депутатами внесены в проект закона следующие основные изменения и дополнения.

Первое. Из проекта закона исключены нормы по установлению новых видов платежей в бюджет, пересмотру ставок некоторых действующих сборов и плат в бюджет, связанные с проектами законов по вопросам восстановления платежеспособности и банкротства граждан, растительного мира и совершенствования законодательства в области миграции населения, которые находятся в настоящее время на рассмотрении Мажилиса Парламента. Комитетом принято решение о рассмотрении вышеназванных норм в рамках другого проекта закона в целях синхронного сопровождения вышеназванных проектов отраслевых законов.

Второе. Из проекта закона исключены нормы, связанные с введением должной осмотрительности. Данные нормы требуют более детальной доработки и обсуждения с бизнес-сообществом.

Третье. С 1 января 2023 года в Налоговом кодексе предусматривается введение камерального контроля путем применения электронных счетов-фактур.

При применении данного вида контроля будут приостанавливаться расходные операции по банковским счетам только в отношении налогоплательщиков, не отреагировавших на уведомление или не предоставивших базовый перечень документов, необходимых для анализа и применения системы управления рисками.

Как всем известно, с октября 2019 года проводится пилотный проект по ограничению выписки электронных счетов-фактур по налогоплательщикам с высокой степенью риска, который показывает положительные результаты по выявлению субъектов бизнеса, являющихся неблагонадежными на ранней стадии для недопущения совершения нарушений налогового законодательства. В том числе ограничивается деятельность фирм-однодневок, выписывающих фиктивные счета-фактуры, тем самым защищаются добросовестные налогоплательщики.

В результате проводимого пилотного проекта по ограничению выписки электронных счетов-фактур выявлено 8 тысяч 700 высокорисковых налогоплательщиков с суммой рискованного оборота 7,1 триллиона тенге.

Четвертое. С учетом обсуждения на заседаниях рабочей группы доработаны нормы проекта закона в части введения единого платежа из фонда оплаты труда для микро- и малого бизнеса, применяющего специальные налоговые режимы.

Внесены изменения в части замены названия «единый платеж с заработной платы» названием «единый платеж», так как часть платежей уплачивается за счет собственных средств работодателя.

Кроме того, с учетом планируемого переноса срока введения обязательных пенсионных взносов работодателя на 2024 год пересмотрены ставки единого платежа и долей платежей в его структуре.

Сохраняются налоговые льготы для отдельных категорий налогоплательщиков, предусмотренные действующим законодательством по уменьшению облагаемого дохода на сумму социальных платежей при оплате суммы единого платежа работодателем.

Пятое. Внесен блок поправок, направленный на стимулирование развития некоторых отраслей экономики. Так, предусматривается:

расширение перечня видов деятельности, ограничивающих осуществление инвестиционных проектов по соглашению об инвестициях, а также пересматривающих условия для заключения соглашения об инвестиционных обязательствах с юридическим лицом. Одним из основных условий является снижение ранее определенного размера по инвестированию со 150000000-кратного до 75000000-кратного размера МРП обязательства юридического лица;

введение фискальных преференций в отношении сложных нефтегазовых проектов (морских, сложных на суше и газовых проектов) в рамках улучшенного модельного контракта;

освобождение на пять лет международных автомобильных перевозок грузов от уплаты сбора за первичную регистрацию для седельных тягачей годом выпуска до семи лет;

освобождение на пять лет от НДС оборотов по реализации бытовых приборов и (или) приборов бытовой электроники, произведенных на территории Республики Казахстан;

освобождение на три года от НДС импорта произведений искусства, ввозимых негосударственными музеями. Перечень таких произведений искусства будет утверждаться уполномоченным органом в области культуры по согласованию с центральным уполномоченным органом по государственному планированию;

освобождение от НДС оборотов при реализации субъектами производства драгоценных металлов, аффинированного золота и серебра субъектам производства ювелирных и других изделий;

освобождение от НДС импорта сырья и материалов для производства пестицидов, включенных в перечень товаров импорта.

Также юридические лица по оборотам по реализации товаров, являющихся результатом осуществления переработки промыслового рыболовства, вправе относить в зачет дополнительную сумму налога на добавленную стоимость.

Эти нормы вводятся в действие с 1 января 2023 года.

Кроме того, с 1 января 2024 года устанавливаются ставки платы за пользование отдельными видами животных, являющихся объектами рыболовства, вылавливаемыми в промысловых и научных целях.

В период с 1 января 2022 года до 1 января 2023 года предусматривается уменьшение налогового обязательства субъектов крупного предпринимательства на сумму ущерба, причиненного в период действия чрезвычайного положения.

Шестое. Внесены поправки, касающиеся налогоплательщиков – физических лиц:

не рассматриваются в виде имущественного дохода парковочные места при реализации в течение года с момента возникновения права собственности;

освобождаются от уплаты подоходного налога физические лица при получении единовременной компенсации (премии) в размере 10 процентов от суммы вклада по депозитам, размещенным в национальной валюте, финансируемой за счет средств в том числе Казахстанского фонда устойчивости (дочерняя организация Национального Банка).

С 1 января 2023 года устанавливается пониженная ставка регистрационного сбора в размере 200 тысяч тенге для легализации автомобилей, ввезенных в страну до 1 сентября текущего года. Данная поправка подготовлена в рамках исполнения поручения Главы государства, озвученного в Послании народу Казахстана от 1 сентября 2022 года. Это позволит населению зарегистрировать право собственности на автомобили. При этом категории механических транспортных средств, порядок, условия и сроки применения ставки сбора определяются Правительством.

Депутатами внесены поправки по улучшению и уточнению редакции некоторых норм проекта закона.

Сроки введения в действие некоторых норм проекта закона приведены в соответствие со статьей 3 Налогового кодекса и требованиями Закона «О правовых актах».

Сравнительная таблица состоит из 169 принятых позиций.

Всеми комитетами Мажилиса Парламента представлены положительные заключения к проекту закона.

С учетом вышесказанного Комитет по финансам и бюджету считает возможным рекомендовать одобрить данный проект закона во втором чтении и направить в Сенат Парламента.

Заключение комитета и сравнительная таблица к проекту у вас имеются.

Прошу поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Сергей Анатольевич.

Әріптестер, бас комитеттен осы заң жобасын екінші оқылымда мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы заң жобасын екінші оқылымда мақұлдау жөніндегі ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 98, «жақтағандар» – 98. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 97, «жақтағандар» – 97. Қаулы қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне иттердің ұлттық тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде.

Сөз Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің төрағасы Милютин Александр Александровичке беріледі.

МИЛЮТИН А.А. Уважаемый Ерлан Жаканович! Уважаемые коллеги! Данный законопроект разработан и инициирован депутатами Парламента Республики Казахстан в целях регулирования вопроса сохранения и воспроизводства национальных пород собак – тазы и тобет.

Основные нормы законопроекта направлены на:

создание правовых основ для принятия мер по сохранению, развитию и восстановлению генофонда национальных пород собак;

повышение эффективности государственного регулирования деятельности субъектов в области сохранения и воспроизводства национальных пород собак;

создание Национального центра племенных национальных пород собак при специализированной организации.

Комитет готов принять данный законопроект в работу и подготовить по нему заключение.

Прошу поддержать.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 95, «жақтағандар» – 95. Қаулы қабылданды.

Келесі мәселеге көшейік. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттар тобының депутаттық сауалына Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің ауызша жауабы жөнінде.

Мәжіліс Регламентіне сәйкес депутаттық сауалды жариялау үшін сөз депутат Бейсенбаев Елнұр Сабыржанұлына беріледі.

БЕЙСЕНБАЕВ Е.С. Рақмет, құрметті Төраға.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Еліміздегі туристік саланың жүйелі дамып, оның экономикалық оң әсерін күткелі біраз жылдың жүзі болды. Әрдайым Қазақстандағы туризмнің тұрақты дамуына кедергі келтіретін мәселелер мен қиындықтар таусылар емес. Мысалы, турист болса – маршрут жоқ, маршрут барда – инфрақұрылым жоқ, инфрақұрылым болса – ұсынатын өнім жоқ. Біреуі болса, біреуі жоқ, шамасы, бұл салада жүйелі жұмыс жоқ.

Алайда пандемия аяқталып, ішкі туризмге қызығатын да, төлем мүмкіндігі бар туристердің саны да артқанын байқап келеміз. Бұл сала үшін аталған жағдайды «сәтті туристік уақыт» деп айтуға келеді. Бірақ адам қалағанымен, транспорттық жүйесі реттелмегеннің салдарынан еліміздің барлық табиғи сұлулығына жету мүмкін емес болып шықты.

Оның ішінде әуе жолдарымен саяхаттау сапарлары бойынша ең көп шағымдар келіп түсуде. Ұшу жиілігінің төмендігі, реттеуге келмейтін түсініксіз әуе билеттерінің баға мәселесі, қызмет көрсету сапасы мен рейстерді негізсіз кешіктіру сияқты мәселелерді тізіп кете беруге болады. Оған қоса әуекомпанияларымен турпакеттер бойынша келіссөздер жүргізу мүмкін еместігін турагенттіктер жиі көтереді. Бұл бір.

Екіншіден, теміржолдың жыры тағы бар. Қазақстан теміржолының туризмдік бағыттарды дамытуға қауқары да, ниеті де жоқ сияқты көрінеді. Бұл компания елдегі монополист бола тұра өзінің басты бағытын жүк тасымалдауға арнаған, ал халық қолданатын вагондардың сапасы нашар, интермодальды тасымалдау тәжірибесі жоқ, туристік кластағы пойыздар туралы айтпай-ақ қояйық.

Еуропаны айтпағанда, Орталық Азия және өзге жекелеген мемлекеттермен байланыстыратын халықаралық туристік жүйені қалыптастыра алмадық. Осы шикіліктің есебінен Жібек жолы бойындағы теміржол маршруттарының орнын көршілес Өзбекстан өз стиліндегі жайлы вагондарымен туристік кластер ретінде іске асырып отыр. Мұны екі деңіз.

Үшіншіден, автокөлікпен жүретін жолдардың жағдайы сын көтермейтіні туралы депутаттық сауалдардың санында есеп жоқ. Тіпті Мемлекет басшының өзі бұл мәселені шешетін уақыт жетті деп Үкіметті сүйрелеп жүргенін білеміз. Бір ғана мысал, еліміз бойынша ең кемінде 4 мың шақырымнан асатын 166 бағыт бойынша автомобиль жолдарын жөндеу мен реконструкциялау қажеттілігі анықталуда. Ал жыл басында

депутаттардың табанды қолдауымен туристік саланы дамытуға оң әсерін беретін бірнеше жаңа ұсыныстар енгізілген еді. Бірақ бұл мәселеде де бюрократиялық шырмаулар көбейіп, «Kids go free» бағдарламасымен он айдың қорытындысы бойынша небәрі тек 1 мың 200 бала әуе сапарларын тегін пайдалана алған, жоспар бойынша кемінде 100 мың баланы қамтимыз деп еді. Баланың ұшу билеті қайтарылады дегеніміз қайда?

Құрметті әріптестер, туризм саласын дамыту бойынша айтарымыз көп, ұсыныс та жетеді. Осыған байланысты «AMANAT» фракциясының бүгінгі жолданған депутаттық сауалына Үкімет мүшелері тарапынан ауызша нақты әрі жүйелі жауап алуға шақырамын.

Құрметпен бір топ Мәжіліс депутаттары». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутаттық сауалға жауап беру үшін сөз Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Абаев Дәурен Әскербекұлына беріледі.

АБАЕВ Д.Ә. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! 2021 жылы отандық демалушылардың саны 6,9 миллионға жетті. Биыл болжам бойынша бұл көрсеткіш 8 миллион туристке дейін өсуі керек. 8 миллион дегеніміз, Ерлан Жақанұлы, бұл рекорд болады. Қонақүйлер мен басқа да орналастыру орындары 68 миллиард теңгеге қызмет көрсетсе, бұл өткен жылмен салыстырғанда 52 пайызға жоғары.

Шетелдік туристерге келетін болсақ, жыл басынан бері елімізге 3,1 миллион адам келген. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда үш есе көп. Осылардың бәрі біздің рекордтарымызды көрсетеді.

Біртіндеп әуе қатынасы қалпына келтіріліп жатыр. Бүгінгі таңда елімізде 28 елге 111 бағыт бойынша 489 рейс бар. Бұл жұмыс жалғасуда. Оның өзінің процедуралары бар. Сондықтан біздің мемлекетіміз «open air»-ді қабылдады, біз дайынбыз. Бірақ басқа елдердің авиакомпанияларымен жұмыс істеу керек.

Сәуір айынан бастап құрылықтағы шекаралар ашылды. 2022 жылдың маусым айынан бастап Қазақстан шекаралық вакцинация төлқұжаттары мен ПЦР-сертификаттарын алып тастады. Біз сәуірде ғана алдық. 78 елмен визасыз режим қалпына келтірілді. Қазір ондай елдердің санын 100-ге дейін жеткізу мәселесі пысықталуда.

Туристерді есепке алуға арналған «Qonaq» цифрлық жүйесін енгіздік. Ол қазір белсенді жұмыс істеп жатыр. Ол көші-қон органдарына нақты ақпаратты береді. Сіздер білесіздер, бұрын туристер келгенде көші-қон полициясына барып тіркелетін, ал қазір келгенде онлайн арқылы тіркеледі. Бұл тәжірибені қазір бізден Әзербайжандағы, Грузиядағы, Өзбекстандағы әріптестеріміз сұратып жатыр.

Надо понимать, что сейчас конкуренция за иностранного туриста возобновилась. Поэтому традиционные формы продвижения также надо усиливать. Мы точно протестировали рынок Саудовской Аравии. В марте 2022 года специально поехали в Саудовскую Аравию, провели так называемое роуд-шоу, итогом которого стал 7-кратный рост туристов из Саудовской Аравии. Это простой пример.

Сонымен қатар «Kazakhstan Travel» ұлттық туристік порталын қолға алдық, жұмысын қазір қарастырып жатырмыз. Аталған портал сегіз тілде, яғни қазақ, ағылшын,

орыс, қытай, неміс, француз, корей және араб тілдерінде қазір жүргізіліп жатыр, оған тағы жапон тілін қосамыз. Оны үлкен нәтиже деп айтуға болады.

В качестве одного из эффективных инструментов привлечения иностранных туристов, иностранных гостей станет так называемый событийный туризм.

Например, в этом году мы провели в Астане так называемые соревнования по триатлону «Ironman». Мы специально посчитали. Данное мероприятие собрало 2 тысячи участников из 40 стран мира. По подсчетам наших экспертов (у нас есть определенные алгоритмы), это принесло в экономику только города Астаны около 1 миллиарда тенге (проживание, питание, развлекательные программы и сувениры).

В свою очередь, концерт Димаша Кудайбергенов в Алматы привлек в нашу столицу гостей из 68 стран мира. Такой событийный туризм будем развивать.

Ұйымдасқан кірмелік туризмді дамыту мақсатында жыл басынан бері туроператорлардың шетелдік қонақтарды тарту шығындарын субсидиялап жатырмыз. Оның міндетті шарты турөнім үш түннен кем болмауы керек және үш орыннан артық жерге баруы қажет. Мысалы, әр шетелдік туристі алып келгені үшін туроператорға 15 мың теңге береміз. Ол өзінің пайдасын көреді, оның үстіне біз тағы да 15 мың теңге береміз, мысалы, ол мың адам алып келсе, ол 15 миллионға жуық теңге мемлекеттен ала алады.

Субсидиялау тақырыбы бойынша «Kids go free» жобасы аясында 1 мың 300-ге жуық бала тегін рейстермен қамтамасыз етілді. 12 мың жоспар болған, жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 2 мыңнан асады деп отырмыз, оған сенеміз.

Конечно, объемы по Программе «Kids go free» не столь впечатляющие, как хотелось бы. Мы должны понимать, что мы субсидируем организованные, а не стихийные поездки. Важно, что мы планировали эту программу из расчета 15 тысяч тенге. Сейчас полеты обходятся в среднем в 50 тысяч тенге. То есть стоимость самого полета выросла.

Коллеги, хотел бы обратить внимание, «Kids go free» – это программа, так называемая мера, которой нет нигде в мире. Это мера, которая реализуется только в Казахстане, я имею в виду, что на государственном уровне. Во всем мире есть прецеденты, когда частные компании предоставляют «Kids go free» для стимулирования, но это частные компании. Единственная страна в мире, которая полностью оплачивает детям переезд на отдых, – это Казахстан. Больше ни одной страны в мире нет. Ни в Европе, ни в Азии, ни Америка. Это только Казахстан.

Мы не ставим ограничения по возрасту детей до 18 лет, хотя во многих странах частный бизнес оплачивает только до 14 лет. Мы не ставим ограничения по количеству детей, хоть всю семью вози. Это огромная социальная поддержка для людей, которые хотят получить организованный туризм, когда они должны заранее планировать, купить турпакет.

В марте у нас было всего 6 заявок, а сейчас 2 тысячи. То есть народ постепенно узнает, есть своя процедура. Вначале люди не умели пользоваться документами, сначала мы обслуживали две недели, сейчас – 4 дня. Ребята этим занимаются каждый день.

Более того, мы сейчас обсуждаем новый пакет мер.

Ерлан Жаканович, приведу простой пример – кешбэк. Купил тур, через какое-то время тебе возвращают часть денег. Мы сейчас проанализировали и думаем: зачем нам

возвращать деньги на маршруты в пик сезона? Если огромное количество людей едет на Каспий отдыхать, зачем нам делать кешбэк для них? Давайте сделаем кешбэк для тех, кто едет в Улытау. То есть мы должны простимулировать новые турмаршруты. Ұлытауға барсын немесе Абай облысындағы Жидебай-Бөріліге барсын. Мы должны простимулировать, чтобы люди поехали туда. Оны біз қарастырып жатырмыз.

Президент в Алматинской области выступил по туротрасли, сказав, что у нас есть, в принципе, хорошее развитие, но потенциал еще большой, нам надо стремиться. Оны енді біз қолға аламыз.

Биылдан бастап Қазақстанның бес грант-бағыты анықталғанын атап өткім келеді, олар «Алматы – төрт маусым».

Простой пример. В Алматинской области есть маршрут, по которому можно захватить четыре сезона – весну, лето, осень, зиму. Это редчайший случай.

Оңтүстік аймақтағы Ұлы жібек жолы жобасын қазір қолға алып жатырмыз. Мысал ретінде Өзбекстан айтылып жатыр, енді ол жиырма жылдан келе жатқан маршрут, оны қазір қолға алып жатырмыз, «Қазақстан темір жолымен» оны қарастырамыз.

«Маңғыстау – Алтай – Сарыарқа» бағыттары бар, оны бізде грант-бағыттар дейді.

Еліміздің басты туристік дестинацияларында инфрақұрылым қажет. Мәселе бізде инфрақұрылымға келіп тіреледі. Біз құзыретті министрліктермен бірге жұмыс жасап жатырмыз. 2021 жылы 63,5 миллиард теңгеге 50 жоба қаржыландырылды. Биыл 45 миллиардқа 29 жоба қаржыландырылады деп күтілуде.

Что бросается в глаза в первую очередь, когда говорят про туризм? Это так называемая мягкая инфраструктура. Мы полную инспекцию в этом году провели, посчитали все. Мы даже посчитали потребность в мусорных контейнерах, что больше всего сейчас критикуется. Нам нужно 567 контейнеров. В Щучинско-Боровской зоне, условно, требуется около 100 контейнеров.

Нагрузка сумасшедшая, количество приезжающих большое. Есть вся инфраструктура, велодорожки, прогулочные дорожки, но не хватает таких вещей.

Не хватает 493 санитарно-гигиенических узлов, проще говоря, туалетов. Все это уже посмотрели, совместно с акиматом мы эту работу продолжаем. Буквально на днях Министерство индустрии и инфраструктурного развития будет сносить так называемые холодные туалеты и ставить комфортабельные.

Проблему мы знаем. Более того, у государства есть такая мера, какой, наверное, нигде нет, – мы 83 тысячи тенге в месяц готовы субсидировать на то, чтобы люди построили, а также на содержание так называемых санитарно-гигиенических узлов. Конечно, темпы низкие. Здесь требования мы к ним упростили. Я думаю, что народ и бизнес пойдут.

Меры субсидирования мы тоже хотим поднять. Оны қарастыру керек.

Халықтың табиғатта демалуға деген сұранысының артқанын есепке ала отырып, ұлттық парктерге инвестиция тарту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Іле Алатауы, Көлсай көлдері, Шарын, Алтын Емел ұлттық саябақтарының аумағындағы экотуризмді дамыту бойынша жұмыстар атқарылды. Жалпы инвестиция сомасы 17 миллиард теңгені құрайды. 2020 жылдан бастап осы уақытқа дейін шамамен 2,3 миллиард теңге инвестиция құйылды. Соның арқасында Іле Алатауы, Түрген, Аюсай визит-

орталықтарымен қатар бес кемпинг және бес глэмпингтің құрылысы аяқталды. Батан визит-орталығы бойынша құрылыс жұмыстары жүргізіліп, этноауыл және кемпинг салу жоспарлануда. Бүкіл бағыт бойынша жұмысты жалғастырамыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Шиповских Геннадий Геннадиевич.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің өкіліне бағытталады.

Теміржол тасымалдарының сапасына қатысты туристердің шағымдары бар, әсіресе адамдар көп келетін маусым мезгілінде орын тапшылығының болатындығы, маршруттардың ыңғайсыздығы және де еліміздегі вагондардың сапасына қатысты болуда.

Жалпы, қазіргі кезде еліміздегі вагондар паркі 44 пайызға тозған, одан бөлек жекеменшік компанияларда бұл көрсеткіш 68 пайызды құрап отыр. Ал енді елімізде тоғыз тасымалдаушы болса, соның сегізі жекеменшік болып табылады.

Жарайды, жылжымалы құрамның жай-күйін былай қоя тұрайық, тіпті санитариялық жағдайдың өзінің маз болып тұрғаны шамалы-ақ. Өйткені биылғы жылдың өзінде еліміздің санитариялық-эпидемиологиялық қызметінің дәл осы компанияларға салған айыппұл саны 106. Менің ойымша, бұл дәл қазіргі кезде өте қомақты сан.

Тағы бір парадокс. Бұл ретте мемлекет теміржол тасымалдаушыларына осы жылдың өзінде 30 миллиард теңге көлемінде арнайы субсидия бөлген, алайда билеттердің арзандағаны көрінбейді. Егер проблема шешімін таппаса, онда туристік объектілерге инвестиция салуды жалғастырып, аумақтарды дамытудың еш мәні жоқ сияқты, Дәурен Әскербекұлы.

Біз қабылданатын шаралар мен нақты мерзімдерге қатысты мәселелерді шешу жолдары жөнінде нақты жауап естігіміз келеді. Осыларға жауап болса және ол қазір айтылса. Рақмет.

ДАУЫЛБАЕВ Е.Ә. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамының ақпаратына сәйкес 2 мың 223 бірлік вагон болса, жеке тасымалдаушыларда 446 вагон бар. Өкінішке қарай, бұл вагондардың тозу деңгейі 40 пайыздың үстінде болып отыр. Бірақ жылма-жыл бізге осы мәселені шешуге бюджеттен тиісті қаражат бөлініп келеді. Мысалы, 2021 – 2022 жылдардың аралығында 144 жаңа вагон алынды. Биылғы жылдың соңына дейін тағы 11 вагон алуды жоспарлап отырмыз.

Билет құнына келетін болсақ, ішкі туризмді дамытуға 59 бағытты және әлеуметтік бағыттарды субсидиялауға 37,7 миллиард теңге биыл қаралған. Сонымен қатар 2023 жылғы бюджетке 42,8 миллиард теңге субсидия көзделіп отыр. «Stadler» компаниясымен 2029 жылдың аяғына дейін 537 жолаушы вагонын сатып алу жоспарланып отыр. Оның жалпы құны 594 миллиард теңгені құрайды. Субсидия болмаса, онда билеттің құны тіпті

қымбат болар еді, оны өздеріңіз білесіздер. Мысалы, «Тальго» пойыздарында әлеуметтік маңызы бар 59 бағыт бойынша 8 мың 600 теңгені құраса, коммерциялық бағыттар бойынша 14 мың 500 теңгені құрап отыр. Ал стандартты пойыздарда әлеуметтік маңызды бағыттар бойынша 4 мың теңгені, ал коммерциялық бағыттар бойынша 6,5 мың теңгені құрап отыр.

Сонымен қатар ағымдағы жылы наурыз айында «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамы туроператорлар мен коммерциялық пойыздарда отыратын орындарды ерте резервтеуге шарт жасасты. Егер күнделікті жағдай бойынша бізде 45 күн болса, қазір 180 тәулік бұрын туроператорлар орындарды ертерек алуына мүмкіндік болады. Неғұрлым билет ерте алынса, соғұрлым оның құны да төмен болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Дементьева Наталья Григорьевна.

ДЕМЕНТЬЕВА Н.Г. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Мәдениет және спорт министріне, сондай-ақ «Kazakh Tourism» басшысына арналады.

Құрметті Дэурен Әскербекұлы! Өткен жылы туризм туралы заңның шеңберінде Парламент депутаттарының бастамасымен «Kids go free» бағдарламасы енгізілген болатын. Бұл азаматтарымызға отбасыларымен демалуға шығуына мүмкіндік беретін ішкі туризмді көптен күткен қолдау болатын. Алайда бағдарлама жұмыс істемейді. Менің әріптесім атап өткендей, бағдарламаны өтініш білдіргендердің тек 11 пайызы ғана пайдаланды.

Сіз осы жазда тек 380 отбасы демалысқа баруды шешті дегенді айтқыңыз келе ме? Бұл абсурд. Олардың саны әлдеқайда көп. Олар тек өз есебінен ғана демалды, не ешқайда бара алмады.

Бұл ретте «Kazakh Tourism» өз дегенін жасауда. Оператор көрсететін қызметтерге жұмсалатын шығыстар өтінімдер санына, төленген субсидияларға байланысты емес. Олар бағдарлама жұмыс істеп жатыр ма, істеп жатқан жоқ па, оған қарамай өз ақшаларын алуда.

Бюджеттің жаңа жобасында жағдай одан да ерекше. Әуе жолымен ұшуды субсидиялауға бекітілген сомалар жоқ кезде «Kids go free» субсидиялауды әкімшілендіруге шығыстар көзделіп қойған. Жұмыс жоқ, ал жалақы бар ма сонда?

Егер өтінімдердің көлемі анықталмаса, «Kazakh Tourism» операторлығының шығындарын есептеу нені негізге алып жүргізілді?

Екінші сұрақ. «Kazakh Tourism» қашанға дейін бала мен мемлекет арасында тұрады?

АБАЕВ Д.Ә. Сұрағыңызға рақмет, Наталья Григорьевна.

Мен өз сөзімде айтып кеттім, «Kids go free» бағдарламасы еш жерде болмаған бағдарлама болғандықтан сондай олқылықтар болды. Құжаттарын толтыру мәселесі бар, туроператорлардың өздері де көп нәрсені біле бермейді, отбасылар да бұл мәселені білген жоқ. Бұл бағдарлама енді-енді жұмысын бастап кетті. Дұрыс айтасыздар, наурыз айында алты отбасы ғана болса, жылдың соңына дейін 2 мыңнан асады деп ойлаймыз.

Біріншіден, «Kids go free» бағдарламасының бір ерекшелігі бар, балалардың демалысқа баратын уақыттары наурыз айы, жазда, күзде және қыс мезгілі. Екіншіден, «Алакөл» демалыс бағыты бойынша көп сұраныс болады, бірақ Алакөлге баратын адамдардың мүмкіндіктері аз, өйткені әуежай енді ғана жұмысын бастап жатыр. Осылардың бәрін ескере отырып, біз бұл бағдарламаға кішігірім өзгерістер енгіздік, екі апта емес, төрт-бес күннің ішінде біз әр өтінімді қарап жатырмыз. Сондықтан осының бәрі оң нәтижесін береді деп ойлаймыз. Барлық туроператорлар, шетелдік туроператорлар да бағдарламаға қатты қызығушылық танытып жатыр. Бұл дүние жүзінде бар бағдарлама, бірақ тек әуекомпаниялардың өздері қаржыландыратын, ал мемлекет тарапынан бұл бірінші рет жасалған бағдарлама. Айтқан сындарыңызды ескере отырып қалыпқа келтіреміз деп сіздерді сендіремін.

«Kazakh Tourism» компаниясы үлкен жұмыс жасап жатыр. «Kazakh Tourism» компаниясы болмаса, онда бір жүйе болмай, бұның бәрі әр жақта шашырап жататын еді. «Kazakh Tourism» компаниясында осы бағдарламамен тек екі-үш адам ғана айналысады. «Kazakh Tourism» компаниясының адамдарының жалпы саны отызға жуық, соның ішінде тек екі адам ғана осы бағдарламамен айналысады.

ТӨРАҒА. Депутат Смышляева Екатерина Васильевна.

СМЫШЛЯЕВА Е.В. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Уважаемый Даурен Аскербекович! Я поддерживаю своих коллег по поводу того, что в «Kazakh Tourism» существуют серьезные дефекты администрирования государственной поддержки, потому что мы видим эти примеры не только по Программе «Kids go free», аналогичная ситуация сложилась и с субсидированием приобретения транспорта.

Коллеги, я прошу обратить внимание, за прошлый год такие субсидии получили всего две компании, которые приобрели за эти субсидии всего два автобуса. Это же не имеет ничего общего с потребностью рынка. Мы же все видим, в каком состоянии находятся сегодня те автобусы, которые перевозят туристов даже в столице, не говоря о том, что происходит в регионах.

Мы этот вопрос поднимаем постоянно, потому что уже год не работают субсидии, которые были обещаны рынку и туристам.

Со стороны министерства звучали предложения, что необходимо на уровне закона доработать некоторую конкретику в части описания объектов субсидирования и порядка. Мы пошли навстречу, разработали депутатский законопроект, но он уже полгода ходит в Правительстве. Вы, как администратор и ответственный орган за заключение Правительства, проконтролируйте. Мы успешно прошли МВК, есть все заключения.

У меня следующие вопросы:

1. Когда мы сможем этот законопроект получить и продолжить обсуждение, принять улучшающие нормы, которые, возможно, позволят сделать процесс субсидирования более эффективным и прозрачным?

2. Со стороны «Kazakh Tourism» какие меры еще принимаются, чтобы улучшить администрирование?

АБАЕВ Д.Ә. Спасибо за вопросы, Екатерина Васильевна.

Позвольте начать со второго вопроса по поводу изменений в закон. Идет согласование госорганов. Поэтому в ближайшее время мы этот документ вернем в стены Мажилиса.

Короткая реплика по автобусам. Действительно, всего два автобуса куплено. Новый автобус стоит 500-600 тысяч евро. То есть даже если государство говорит, что вернет 10-20 процентов от стоимости автобуса, все равно очень мало компаний, которые смогут приобрести этот автобус.

Мы сейчас анализируем (это же опять вопрос согласования), может быть, будем покупать не новые автобусы, а автобусы, которые были в эксплуатации до пяти лет. Это тоже требует определенного анализа. Я еще раз говорю, что цена вопроса высокая.

По второму вопросу ответит коллега из «Kazakh Tourism», то есть по мерам, которые мы планируем.

АМАНБАЕВ Т.Ж. Құрметті депутаттар, «Kazakh Tourism» компаниясы тарапынан тағы бір-екі ауыз сөз қосқым келеді.

«Kazakh Tourism» компаниясы тек «Kids go free» бағдарламасы әкімшілігінің жұмысын жүргізеді, Дәурен Әскербекұлы айтқандай, екі адам «Kids go free» бағдарламасы бойынша өтінімдерді қабылдайды. Біз жергілікті атқарушы органдар арқылы әкімшілендіру жұмысын жүргіземіз.

По другим новым мерам государственной поддержки у нас есть несколько идей. Одну из них Даурен Аскербекович озвучил – туристический кешбэк.

Второе. Мы хотим подготовить специальную акцию «NeoNomad». Это некоего рода геймификация. То есть люди по мере путешествия накапливают баллы, которые в дальнейшем дают всевозможные скидки и призы.

У нас есть меры, которые мы прорабатываем по санаторно-курортному лечению. Мы провели анализ, две трети наших санаторий находятся в плачевном состоянии. Мы прорабатываем этот вопрос.

По миграции иностранной рабочей силы. Сейчас геополитически так сложилось, что очень много высококвалифицированных специалистов могут работать удаленно, то есть вне своего дома. При этом работать не в Казахстане, а в американской или английской фирме, жить на каком-то острове. Сейчас много специалистов, которые приезжают в Казахстан и хотят остановиться здесь, потому что относительно недорого, в то же время есть недорогой интернет, хорошая инфраструктура. Мы для них специально прорабатываем определенные варианты по визовой поддержке.

Я готов пригласить депутатов в «Kazakh Tourism», чтобы показать, чем мы занимаемся, что за команда у нас, какие проекты мы реализуем. Я вижу сейчас, в социальных сетях очень много вопросов к «Kazakh Tourism». Думаю, может быть, нам провести небольшую экскурсию, показать все? Мы открыты. Есть исследовательские работы по обучению, стандартам. Очень важно сейчас повышать культуру, плановый туризм, когда человек планирует отдых, а не стихийно отдыхает. Все эти работы ведутся. Плюс рекламные мероприятия. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Абақанов Елдос Нұрболұлы.

АБАҚАНОВ Е.Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Дәурен Әскербекұлы! Бүгін негізі көлік инфрақұрылымы бойынша жекелеген мәселелерді талқылап та жатырмыз, нақтылап та жатырмыз, тасымалдаудың барлық түрлеріне қатысты да сұрақтар бар. Барлық жерге, әрине, жүйелі де мақсатты өзгерістер қажет. Алайда бұл ведомствоаралық мәселе екені анық.

Бірнеше рет талқылау өткіздік. Азаматтардың өтініштері мен нарықтағы консультациялар барысында біз мұндай өзара әрекеттестікте проблемалардың бар екенін көріп отырмыз. Осыған байланысты келесідей сұрақтарым бар.

Бірінші сұрақ. Мәдениет және спорт министрлігінде логистикаға, цифрландыруға және байланысқа, инфрақұрылымдық жобаларға жауапты салалық мемлекеттік органдармен бірлескен жоспарлар немесе жол карталары бар ма? Болса, ол қалай әкімшілендіріледі?

Екінші сұрақ. Өз сөзіңізде туристік дестинациялар жөнінде айтып кеттіңіз. Бүгінгі күнде нақты жергілікті әкімдіктермен туристік дестинацияларды қалыптастыру бөлігінде қатынастар қалай рәсімделген? Рақмет.

АБАЕВ Д.Ә. Сұрақтарыңызға рақмет.

«Перспективалық бағыттар» деген жобаның аясында біз екі-үш жыл бұрын он бағыт бойынша осындай шешім қабылдадық, ол Қазақстанның көп жерлерін қамтиды. Осы бағдарлама аясында біз Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен осындай келіссөздер жүргізіп, арнайы жобаны қолдадық, мысалы, бұл инфрақұрылымды жүргізу, жолдарды салу. 65 миллиард теңгені осы жоба арқылы енгіземіз.

Осы он бағыт бойынша біз әкімшіліктермен мастер-жоба жасаймыз, ол «жұмсақ» инфрақұрылымдар, яғни сілтемелерді, жәшіктерді, басқа да жабдықтарды орнатуға келісіп отырмыз. Он мастер-жоба бойынша әр әкімдікпен осындай жұмыс жасалады.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірге біз ең қажетті деген он жерді белгіледік. Ол министрлік жылдың соңына дейін 4G интернетін апарады.

Сіздер түсінесіздер ғой, Қазақстан мемлекеті, құдайға шүкір, үлкен, бірақ бәрін бірге алып жүру өте қиын болады, сондықтан осындай он басым бағыт бойынша біз құзыретті министрліктермен, әкімшіліктермен, тиісті компаниялармен жұмыстарды жүргізіп жатырмыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Дүйсенбинов Берік Сәлімжанұлы.

ДҮЙСЕНБИНОВ Б.С. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің сұрағым Дәурен Әскербекұлы мен Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің өкіліне. Сұрағым Алакөл демалыс аймағы туралы болмақ, яғни Алакөлдің шығыс жағындағы мәселе туралы.

Биыл, өзіңізге белгілі, маусымның нағыз қызып тұрған кезінде төрт демалыс аймағы өртке оранып жанып кетті. Ол төрт демалыс аумағының ішіне 25-тен аса үй кіреді.

Дәурен Аскербекұлы, бұл Алакөл аймағындағы кәсіпкерлердің ерекшелігін өзіңіз білесіз, он екі айдың екі айында ғана жұмыс жасайды. Қалған он ай дайындық, ғимараттарды күзетеді, ол он айында қызметкерлеріне ақы төлейді.

Біз өрт болған аймақта болдық, кәсіпкерлермен кездестік. Сол кезде мынадай мәселе көтерілді (ол мәселе әлі шешілген жоқ). Банктерде дағдарыс болса, қаржысын алып жүгіретін Үкімет мына өрттен зардап шеккен кәсіпкерлерге бірде-бір көмек жасаған жоқ. Кәсіпкерлер өртеніп кеткен үйдің құнын қайтарып беріндер деп отырған жоқ. Үйді өрттен, басқа да форс-мажорлық жағдайдан сақтандыруға олардың объектілерін қабылдамайды, өйткені ол үйлердің барлығы ағаштан салынған. Олар ол үйдің құнын сұрап отырған жоқ. Ол кәсіпкерлердің мойнында алған несиелері бар. Естерін жинап алу үшін несиелерін төлеу уақытына каникул беруге, жаңа құрылысына субсидия беру сияқты көмектер сіздердің тараптарыңыздан қарастырылып жатыр ма?

Сондай-ақ әуежайға байланысты уәде берілген. Ол жерден биыл бірде-бір ұшақ ұшқан жоқ.

АБАЕВ Д.Ә. Рақмет, Берік Сәлімжанұлы.

Бұл мәселе бойынша Үкіметте үлкен бір жиналыс өткізгенбіз. Бізде бизнесті қолдау және кәсіпкерлікті дамыту деген бағдарламаларымыз бар. Осы бағдарламамен туризм саласында жұмыс істейтін кәсіпкерлердің несие алуын қатастырып жатырмыз.

Алакөлдегі әуежай мәселесі бойынша Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің өкілі жауап беретін шығар.

ДАУЫЛБАЕВ Е.Ә. Үшарал мен Үржар әуежайларында жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ол жергілікті атқарушы органның құзыретінде, өйткені екі әуежай солардың меншігінде.

Үржарға қатысты құрылыс жұмыстары келесі жылы аяқталуы тиіс. Үшаралдағы әуежайдың құрылыс жұмыстары аяқталып, 15 тамыздан бастап ұшу маршруттары қалпына келтірілді. Осы екі бағыт бойынша аптасына 20-ға жуық рейстің ұшуы жоспарланып отыр. Осы екі бағыт субсидияланатын 20 бағыттың ішінде бар.

Енді төтенше жағдайдың салдарынан зардап шеккен үйлерге келетін болсақ, сіз дұрыс айтып отырсыз, ол ағаш үйлер болғаннан кейін сондай шешім болған. Егер құжаттары рәсімделген болса, ол үйлердің орнына басқа үйлер салынып беріліп жатыр. Оны өздеріңіз Мақтааралдан да, Қостанай облысындағы Әулиеқөлдегі үйлерді қалпына келтіру жұмыстарынан да жақсы көріп отырсыздар. Сақтандыру ол заңға сай келмегендіктен шығар. Оның бағасын Төтенше жағдайлар министрлігі береді. Бұл шаралар заң аясында көрсетілген көмек деп есептеймін. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Қаратаев Фахриддин Әбдінабиұлы.

ҚАРАТАЕВ Ф.Ә. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Дәурен Әскербекұлы! Туризм нысандарындағы инфрақұрылымның нашарлығы, кейбір жерлерде мүлдем жоқтығы баршамызға сын болуда.

Тарихта өткен ұлы тұлғалардың кесенелері бүгінгі таңда туристік нысан қызметін атқарса, сол орынға келген қонақтар үшін қарапайым жағдайлардың жасалмағанын көреміз. Мысалы, Шымкент қаласында орналасқан Ибрагим ата, Қарашаш ана, Әбділәзиз бап сынды әулиелердің кесенелері маңындағы жергілікті тұрғындар тарапынан асар жолымен салынған әжетханалар ешқандай санитариялық талаптарға сай келмейді. Оған қоса олар нысанның және қаланың архитектуралық шырайын бұзып тұр. Осы мәселелерді сіздер қашан қолға аласыздар?

АБАЕВ Д.Ә. Рақмет, Фахриддин Әбдінабиұлы.

Біз биыл үлкен инспекция жүргіздік, министрліктің Туризм комитеті «KazakhTourism» компаниясымен бірге әр облысты аралап шықты, қандай нысандарға қандай жұмыс жүргізу керектігін анықтады. Жергілікті атқарушы органдармен бірге осының бәрін қолға аламыз.

Ибрагим ата кешенін қалпына келтіріп жатырмыз, қалған объектілерді де қалпына келтіруді қолымызға аламыз.

ТӨРАҒА. Депутат Нұркина Айгүл Қабдешқызы.

НҰРКИНА А.Қ. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мой вопрос адресован представителю Министерства индустрии и инфраструктурного развития и касается авиаперелетов в нашей стране.

От граждан мы постоянно слышим претензии по поводу задержек рейсов, непонятного ценообразования, непредсказуемых изменений в направлениях и маршрутах. Эти дефекты качества мы могли бы списать на гибкость компаний, исходя из потребности, однако, как свидетельствуют туроператоры и туркомпании, гибкости у наших авиакомпаний вообще не существует. Они не стремятся работать с отдельными маршрутами, не разгружают направления и аэропорты.

Также неоднозначные решения принимаются и администраторами программ строительства и реконструкции авиаинфраструктуры. Сегодня уже было отмечено, что именно в пик сезона одновременно может закрываться на реконструкцию несколько аэропортов. Эта реконструкция затягивается. Вы отметили, что некоторые аэропорты закрыты на реконструкцию.

В связи с этим у меня вопросы:

1. Какие меры принимаются комитетом вашего министерства, чтобы улучшить качество авиаперевозок?
2. Как вы участвуете в организации взаимодействия вашего министерства с уже сформировавшимся рынком туроператоров, которые предлагают различные варианты турпродуктов? Спасибо.

ДАУЫЛБАЕВ Е.А. Рақмет, Айгүл Қабдешқызы.

Что касается реконструкции аэропортов. Вы знаете, у нас порядка 20 аэропортов в городах областного значения. По каждому аэропорту есть управляющая компания – либо этот аэропорт находится в ведении местного исполнительного органа, то есть СПК, либо этот аэропорт в доверительном управлении.

Что касается временных параметров проведения реконструкции. У них всех есть договорные обязательства, в какой срок они должны будут это сделать. Понятное дело, некоторые инвесторы не успевают со сроками. Получается так, что одновременно в нескольких аэропортах идут эти работы. Мы это признаем. На сегодняшний день все последующие работы по реконструкции у нас взяты на контроль профильным комитетом нашего министерства.

Что касается количества. Сегодня, как Вам всем известно, 6 авиакомпаний осуществляют рейсы, в их ведении находится 83 воздушных судна. В этом году дополнительно для того, чтобы улучшить качество оказываемых услуг, будет приобретено 14 воздушных судов. Сегодня приобрели уже 7 воздушных судов, до конца года будут приобретены остальные 7.

Это что касается качества оказываемых услуг.

Да, мы планируем до конца 2025 года дополнительно приобрести 51 воздушное судно. При этом будут открываться новые маршруты.

Что касается работы с туроператорами. Каждая авиакомпания напрямую работает с туроператорами. Если для них это интересно и экономически выгодно, соответственно, между ними есть определенные договоренности.

Что касается стоимости. Как вам известно, сегодня 30 процентов стоимости билета составляет топливо. Ввиду того, что определенная часть топлива завозится, то есть импортируется, и зависит от курсов иностранных валют, сегодня у нас этот вопрос остается открытым. Есть, конечно, моменты, когда цены завышаются, но для этого у нас есть АЗРК. По Предпринимательскому кодексу они принимают все необходимые меры.

По задержкам авиарейсов хотел бы сказать, что в этом году привлечены к административной ответственности по восьми фактам три компании: «SCAT» – по одному факту, «Air Astana» и «FlyArystan» – по остальным семи фактам. Наложено штраф – порядка 24 миллионов тенге. Работа в данном направлении будет продолжена. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жауапты қысқаша беріңіз.

Депутат Жаңбыршин Еділ Терекбайұлы.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Менің екі сұрағым бар. Біреуі министр Дәурен Аскербекұлына, екіншісі Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің өкіліне.

Бірінші. Жаңа баяндамаңызда Маңғыстау гранд-маршруттарға кіреді деп айттыңыз. Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткішінің 65 пайызы Маңғыстауда.

Жаңа әріптестеріміз инфрақұрылымның өте нашарлығы туралы жақсы сұрақ көтерді. Бізде жаңа тарихи-мәдени ескерткіштерге келетін туристер көп, әсіресе қажылық, этнотуризм. Бекет атаны жақсы білесіздер, басымызға қиындық түссе, Үкіметтің басшыларынан бастап бәріміз атадан медет сұрап сол жаққа жүгіреміз. Ол жердегі

инфрақұрылым қазір талапқа сай емес деп айтуға болады. Көбісі «Өзенмұнайгаздың» көмегімен жасалды.

«Ұлы сөзде ұят жоқ» деген. Ол жерде әжетхана мәселесі дұрыс шешілмеген. Күніне 400-800 адамға дейін барады.

Қазір жергілікті билік бір үлкен жоба жасап жатыр. Дәурен Әскербекұлы, сізден соны қолдауыңызды сұраймыз. Егер білмесеңіз, менде ол құжаттар бар, сізге көрсетем.

Айтып кеттік қой, Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштерінің 65 пайызы Маңғыстауда. Сол жердің жолын, әжетханасын, жолдық сервистерін жасайтын сіздерде сондай жобалар бар ма?

Енді әуежай мәселесі. Өзен қаласында кеңес өкіметі кезінде әуежай болды. Қазір, мысалы, Үшарал, Зайсанда бар. Сондай әуежай болса, ол бір жағынан туризмді дамытуға, екінші жағынан Өзен қаласын дамытуға, Кендірліні дамытуға мүмкіндік береді. Сондай жобалар ма?

Қазір заңсыз алтын іздеушілер туристердің атын пайдаланып алтын іздеп жүр. Сол жерлерді қорғайтын бізде заңдық...

АБАЕВ Д.Ә. Сұрағыңызға рақмет.

Маңғыстау облысы біздің басым бағыттардың ішіне кірген, сондықтан жобаларды біз міндетті түрде қолдаймыз.

Бекет ата кесенесі бойынша. Өздеріңіз жақсы білетіндей, осыдан бес-алты жыл бұрын ол жерде жол да болған жоқ. Қазір жол салынды, жолдың арқасында инфрақұрылым да келеді.

Грейдер болмаған кезде адамдар жаяу баратын, қазір автокөлік жүретін жақсы жолы бар. Сондықтан ол бірте-бірте келеді.

Сіз айтып отырған екінші мәселеге келетін болсақ, «Сартас» деген визит-орталығы ашылды. Енді бір визит-орталықты сол Бозжыраның маңында ашамыз деп отырмыз.

«Сартас» орталығын бизнесмендер жасаған. Ол жерге жол салу мәселесі тұр қазір. Соны біз әкімшілікпен бірге қарастырып жатырмыз. Ол туралы жақсы білеміз.

Адамдар барған жерге бизнес те сол жерге барғысы келеді. Өзіңіз жақсы білесіз, Маңғыстау облысында туризм саласы жақсы дамып келе жатыр. Бұрын ешкім бармайтын жерге қазір бес жұлдызды қонақүйлер салынып жатыр. Бұл тек басы ғана деп ойлаймын.

Заңсыз алтын іздеушілер мәселесін біз білеміз. Ол тек Маңғыстау өңірінде ғана емес, ондай заңсыз алтын іздеушілер бүкіл Қазақстанның барлық жерінде бар. Ол бойынша біз арнайы өзгерістер енгіземіз. Бірақ ол тек біздің ғана қолымызда емес, оны Ішкі істер министрлігі де қолға алса деп ойлаймыз. Бірге жұмыс істейміз.

ДАУЫЛБАЕВ Е.Ә. Еділ Терекбайұлы, мендегі ақпарат бойынша Жаңаөзен қаласында әуежай ашу жоспарда жоқ. Сіздің ұсынысыңызды біз жергілікті атқарушы органмен экономикалық тиімділігі жағынан, әлеуметтік қажеттілігі жағынан міндетті түрде қараймыз. Егер ол ақталатын болса, мәселені көтеруге дайынбыз.

ТӨРАҒА. Сұрақтар бір көбейіп, бір азайып жатыр. Енді екі депутатқа сөз берейік. Депутат Нұрымова Гүлдара Алданышқызы.

НҰРЫМОВА Г.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Дәурен Әскербекұлы! Неліктен киелі орындарда, мысалы, Жамбыл облысындағы Айша Бибі, Қарахан баба секілді кесенелерге кіру ақылы? Олар мазарлар ғой. Көптеген елдерде осындай орындарға кіру тегін. Ол жерлерде қайырымдылыққа арналған жәшіктер бар. Бізде неліктен ақылы? Рақмет.

АБАЕВ Д.Ә. Ол мәселені, Гүлдара Алданышқызы, қарастырайық. Егер ол жерге адамдар көп барса, ол жерде абаттандыру мәселесі бар, ол жердегі шырақшыларға да ақша төлеу керек. Күрделі мәселе болса, оны қарастырайық. Бірақ енді адамдар ниеттеніп келсе... Бағасы сондай қымбат емес шығар. Қарастырайық. Түсініп отырмын.

ТӨРАҒА. Гүлдара Алданышқызы, қарастырамыз деді ғой.
Депутат Әбсеметова.

ӘБСЕМЕТОВА Ә.М. Спасибо, Ерлан Жаканович.

Сегодня мы поднимаем очень важную тему развития туризма.

Мой вопрос адресуется Министерству культуры и спорта и представителю Министерства промышленности и инфраструктурного развития.

Для развития туризма на озере Балхаш со стороны Жетысуской области разработана ПСД на 4,8 миллиарда тенге для строительства инженерных сетей и дороги, которая поддержана Министерством финансов Республики Казахстан.

Однако в Министерство финансов бюджетная заявка так и не поступила, так как между Министерством культуры и спорта и Министерством промышленности и инфраструктурного развития не определен администратор. Каждое министерство перекидывает эту работу друг на друга.

Каким министерством будет подана заявка и в какой срок? Нужно решить этот вопрос, так как он позволит развить туристическую деятельность Балхаша.

В свою очередь, мы, как депутаты, разговаривали по этому поводу с двумя министерствами, но вопрос остался без ответа. Вы, наверное, в курсе данного вопроса. Спасибо.

АБАЕВ Д.Ә. К сожалению, не в курсе данного вопроса.

ТӨРАҒА. Қарастырамыз деп айтыңыз. Жақсы көретін жауабыңыз.

ЗАЛДА КҮЛКІ.

АБАЕВ Д.Ә. Біз ол жұмысты жүргізуге дайынбыз.

ТӨРАҒА. Болдық па? Сіз айтыңыз.

ДАУЫЛБАЕВ Е.Ә. Әлия Маратқызы дұрыс көтеріп отыр, ондай мәселе бар. Біздің министрліктің өзінің шектеулі құзыреті бар, яғни біз республикалық, облыстық маңызы бар аудандық жолдарды қаржыландырамыз. Тұрғын үй алқаптарын инфрақұрылыммен қамту да біздің құзыретімізде.

Осы салаға жетекшілік ететін Дәурен Әскербекұлының орынбасарымен мен кеше ғана сөйлестім, біз келістік, Мәдениет және спорт министрлігі арқылы өтетін болды. Өйткені ол жерде тек жол ғана емес, су, электр желісі бар, яғни электр желісі Энергетика министрлігі арқылы өту керек, су біз арқылы өту керек. Сіз дұрыс айттыңыз. Одно заключение – один проект. Поэтому здесь необходимо, чтобы именно отраслевое министерство администривало, как финансируют по аналогии Министерство просвещения и Министерство здравоохранения.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа сұрақ жоқ. Орныңызға отырыңыз.

Елнұр Сабыржанұлы, рәсім бойынша сіз айтуыңыз керек, қанағаттанасыз ба, қанағаттанбайсыз ба?

БЕЙСЕНБАЕВ Е.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер, қысқа әрі нұсқа айтуға тырысайын.

Бүгін біздің сұрақтарымызға, қазақстандық туристер мен туристік нарық субъектілердің атынан қойылған сұрақтарға мемлекеттік органдар жауап берді. Рекордтардың бар екендігін естідік. Оған Димаш Құдайбергеннің едәуір үлес қосқанына куәгер болдық. Оған арнайы алғысымызды айтамыз. Дегенмен біз олардың сөздеріне емес, істеріне қарап бағалайтынымыз анық. Әзірше барлық қабылданып отырған шараларға қарамастан олардың тиімділігі күмән тудырады. Оған дәлел, жалпы, саланы дамыту экономикалық көрсеткіштер болып тұр. Мысалы, 2017 мен 2021 жылдардың арасындағы туристік саланы дамытудың қаржылай теріс сальдосы анықталып отыр. Экономикаға үлес қосудың орнына туризм экономиканы әлсіретіп отырғандай көрінеді. Бұл бір.

Бұның негізі байланыстың әлсіз болуының, нарықтық дамудағы бір қадағалаудың жасалмауының салдарынан деп есептейміз. Ал бұл бағыттың негізгі операторы, өздеріңіз білетіндей «Kazakh Tourism» мемлекеттік компаниясы болып табылады.

Здесь присутствует представитель данной компании, я хотел бы передать ему слова: «Велика не сама идея, величество состоит в качественной ее реализации».

Вы запомните, что вы украли мечту у тысяч наших детей, которые не могли полететь по Программе «Kids go free».

Сонымен қатар сізде миллиардтаған бюджетті еліміздің туристік әлеуетін талдауға, сонымен қатар өз мамандарыңыздың шетелдік сапарларға оңды-солды баруына, түсініксіз телеарналардан киіз үймен ұшып жүрген бүркіттің бейнематериалдарын тираждауға уақыттарыңызды кетіріп жүрген кезде біздің туристік нарықты көрші елдер иеленіп отырғаны бар. Тіпті Ресейдің туристік фирмалары Қазақстанға турларды сататын жағдайға жеттік, өйткені олардың авиакомпаниялары жеңілдіктерге дайын. Өзбекстан жайлы составтарды іске қосып, Қазақстан бойынша турлар ұйымдастыруда. Туристік өнім

өткізілетін жерде салықтық түсімдер болатыны анық, нарықтың да дами түсетіні белгілі. Мұны бәріміз жақсы түсінеміз. Осының барлығы неге өз елімізде жасалмайтынына таңғалып жататынымыз тағы бар. Меніңше, туристік саланы реттеу мен өнім ұсынуда негізгі бенефициар қазақстандық компаниялар болуы қажет. Әрине, бұл біраз уақытты талап ететін жүйелі мәселе.

Сондықтан, құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер, бүгінгі көтерілген туристік саланың транспорттық және жүйелі ұйымдастыру бойынша проблемаларын шешу қорытындыларын келесі туристік маусым басталар алдында қайта пысықтауды ұсынамын. Өйткені туристік сала экономиканы дамытудың қосымша драйверіне айналуы тиіс. Аталған рекордтық көрсеткіштерді тағы да бірге көрейік. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа талқылауға қатысатын депутаттар жоқ.

Мәжіліс Регламентіне сәйкес осы мәселе бойынша қаулы қабылдауымыз қажет. Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша дауыс берейік.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 91, «жақтағандар» – 89, «қалыс қалғандар» – 2. Шешім қабылданды.

Құрметті депутаттар, бұл мәселені қарап болдық. Бұл мәселенің маңыздылығын жаңа қойылған сұрақтардың өзінен көріп отырмыз.

Бұл мәселені талқылауға неге шығардық? Біз көп жылдан бері қордаланып қалған проблемалық мәселелердің салдарынан еліміздің туристік әлеуетін басқа мемлекеттерге беріп қойып отырмыз, басымдықты беріп қойып отырмыз.

Біздің туристерімізді қазір шетелдіктер теміржолмен де, басқа жолмен де тасымалдап жүр, біздің туристерімізге еліміздің туристік нысандарына жолдама сатып жүргендер де солар.

Бүгін көптеген мәселе көтерілді. Дәурен Әскербекұлы, сіз осы жұмысқа келгеніңізге жарты жылдан асты, жұмысқа кірісіп, қарастырғаннан енді шешім қабылдауға қарай көшу керек.

Елнұр Сабыржанұлы дұрыс айтып отыр, бұл мәселені Мәжілістің бақылауында қалдырайық, келесі жылдың басында қандай рекордтарға жеткендеріңізді қарайық. Жаңа рекордтар туралы айтты. Пандемия кезіндегімен салыстырса, бізде қазір рекорд көп. Енді пандемия кезінде ешкім үйінен шыққан жоқ қой. Жалғыз Димаш емес, пандемия да қосты үлесті. Келесі жылы жылдың басында тағы қараймыз.

Сонымен бүгінгі күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қарап болдық. Сұрақтарыңыз болмаса, Мәжілістің жалпы отырысын жабық деп жариялаймын. Рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
МӘЖІЛІСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

Е. ҚОШАНОВ

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

ЖАЛПЫ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 19 қазан

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

«Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2023 – 2025 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О гарантированном трансферте из Национального фонда Республики Казахстан на 2023 – 2025 годы»

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі

Ә.С. ҚУАНТЫРОВТЫҢ баяндамасы

Доклад Министра национальной экономики Республики Казахстан
КУАНТЫРОВА А.С. 1

Сөз сөйлеген:

Выступил:

САРТБАЕВ Б.М. 2

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі А.В. БОЙЧИННІҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по финансам и бюджету БОЙЧИНА А.В. 3

Сөз сөйлеген:

Выступил:

БЕРДАЛИН А.Б. 3

«Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2023 – 2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «Об объемах трансфертов общего характера между республиканским и областными бюджетами, бюджетами городов республиканского значения, столицы на 2023 – 2025 годы»

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі

Ә.С. ҚУАНТЫРОВТЫҢ баяндамасы

Доклад Министра национальной экономики Республики Казахстан
КУАНТЫРОВА А.С. 4

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ӘЛІМБАЕВ Д.Қ. 6

ЖҰМАБАЕВА А.Қ. 6

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі А.В. БОЙЧИННІҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по финансам и бюджету БОЙЧИНА А.В.7

Сөз сөйлеген:

Выступила:

ЕСПАЕВА Д.М.8

«2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О республиканском бюджете на 2023 – 2025 годы»

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Ә.С. ҚУАНТЫРОВТЫҢ баяндамасы

Доклад Министра национальной экономики Республики Казахстан КУАНТЫРОВА А.С.9

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушы Е.Е. БІРЖАНОВТЫҢ баяндамасы

Доклад исполняющего обязанности Министра финансов Республики Казахстан БИРЖАНОВА Е.Е.11

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк Төрағасы Г.О. ПІРМАТОВТЫҢ баяндамасы

Доклад Председателя Национального Банка Республики Казахстан ПИРМАТОВА Г.О.12

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ЕСПАЕВА Д.М.13

СМАЙЫЛОВ Ә.А. – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министр Республики Казахстан14

ТҮРҒАНОВ Д.Н.16

СИМОНОВ С.А.17

ХАМЗИН Ғ.Б.18

АБАСОВ Қ.Б.18

БРЕКЕШЕВ С.А. – Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі, Министр экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан19

ОМАРБЕКОВА Ж.Ә.20

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі, Министр труда и социальной защиты населения Республики Казахстан20

ТӘЖМАҒАМБЕТОВА М.М.21

АБАЕВ Д.Ә. – Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі, Министр культуры и спорта Республики Казахстан21

ӘБСЕМЕТОВА Ә.М.22

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі, Министр просвещения Республики Казахстан22

САПАРОВА Ә.С.23

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі, Министр индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан	23
СМЫШЛЯЕВА Е.В.	24
ӨСКЕНБАЕВ Қ.А.	24
ЛИ Ю.В.	25
МУСИН Б.Б. – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі, Министр цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан	25
ТОРҒАЕВ Б.Н.	25
ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі, Министр сельского хозяйства Республики Казахстан.....	26
ПАЯЕВ А.М.	26
РАУ А.П.	27

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі А.В. БОЙЧИННІҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по финансам и бюджету БОЙЧИНА А.В.	28
---	----

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ҚҰЛШАР М.И.	29
ПЕРУАШЕВ А.Т.	31
ҚОҢЫРОВ А.О.	34
САИРОВ Е.Б.	36
СМАЙЫЛОВ Ә.А.	38

«Рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «Об амнистии»

Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі

Г.Қ. БИЖАНОВАНЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по законодательству и судебно-правовой реформе

БИЖАНОВОЙ Г.К.	39
---------------------	----

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ЕЛЮБАЕВ М.С.	40
ӘМІР Д.С. – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы, судья Верховного Суда Республики Казахстан	41
АВЕРШИН К.В.	41
СҮЛЕЙМЕНОВА Ж.Д.	42
СӨНТАЕВ Қ.И. – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары, заместитель Министра внутренних дел Республики Казахстан	42
ЕЛЕУОВ Ғ.А.	43
ШЫНДАЛИЕВ Ә.Қ. – Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары, заместитель Генерального Прокурора Республики Казахстан.....	43
ПЛАТОНОВ А.С.	43
ШЫНДАЛИЕВ Ә.Қ.	44

ЖАҢБЫРШИН Е.Т.	44
ШЫНДАЛИЕВ Ә.Қ.	45
РАМАНҚҰЛОВ М.Б.	46
Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Н.Р. РАЗЗАҚТЫҢ қосымша баяндамасы	
Содоклад члена Комитета по законодательству и судебно-правовой реформе РАЗЗАК Н.Р.	47
Сөз сөйлегендер:	
Выступили:	
АБДРАХМАНОВ С.А.	48
МЫҢБАЙ Д.Қ.	49
«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)	
О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) и Закон Республики Казахстан «О введении в действие Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс)» (второе чтение)	
Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі С.А. СИМОНОВТЫҢ баяндамасы	
Доклад члена Комитета по финансам и бюджету СИМОНОВА С.А.	50
«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне иттердің ұлттық тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде	
О подготовке заключения по проекту Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросу сохранения и воспроизводства национальных пород собак»	
Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің төрағасы А.А. МИЛЮТИННИҢ баяндамасы	
Доклад председателя Комитета по вопросам экологии и природопользованию МИЛЮТИНА А.А.	53
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттар тобының депутаттық сауалына Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің ауызша жауабы жөнінде	
Об устном ответе Министра культуры и спорта Республики Казахстан на депутатский запрос группы депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан	
Сөз сөйлеген:	
Выступил:	

БЕЙСЕНБАЕВ Е.С.	54
----------------------	----

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі

Д.Ә. АБАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад Министра культуры и спорта Республики Казахстан АБАЕВА Д.А.	55
---	----

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ШИПОВСКИХ Г.Г.	58
---------------------	----

ДАУЫЛБАЕВ Е.Ә. – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі, вице-министр индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан	58
--	----

ДЕМЕНТЬЕВА Н.Г.	59
----------------------	----

СМЫШЛЯЕВА Е.В.	60
---------------------	----

АМАНБАЕВ Т.Ж. – «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясы» АҚ басқарма төрағасы, председатель правления АО «Национальная компания «Kazakh Tourism»	61
---	----

АБАҚАНОВ Е.Н.	62
--------------------	----

ДҮЙСЕНБИНОВ Б.С.	62
-----------------------	----

ДАУЫЛБАЕВ Е.Ә.	63
---------------------	----

ҚАРАТАЕВ Ф.Ә.	63
--------------------	----

НҰРКИНА А.Қ.	64
-------------------	----

ДАУЫЛБАЕВ Е.А.	64
---------------------	----

ЖАҢБЫРШИН Е.Т.	65
---------------------	----

ДАУЫЛБАЕВ Е.Ә.	66
---------------------	----

НҰРЫМОВА Г.А.	67
--------------------	----

ӘБСЕМЕТОВА Ә.М.	67
----------------------	----

ДАУЫЛБАЕВ Е.Ә.	68
---------------------	----

БЕЙСЕНБАЕВ Е.С.	68
----------------------	----

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы» РМК директоры

А. ҚҰСАЙЫНОВ

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы» РМК
Стенографиялау қызметінің басшысы

Г. МОЛДАШЕВА